



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Бразилия Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Луис Инасиу Лула да Силва мен оның отандастарын ұлттық мереке — Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент Қазақстан Бразилиямен достық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән беретінін атап өтті. Сонымен қатар бірлескен күш-жігердің арқасында екі елдің ынтымақтастығы халықтарымыздың игілігі жолында қарқынды түрде дами түсетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Луис Инасиу Лула да Силваның жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Бразилия халқына бақ-береке тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев ақын, журналист, Қазақстанның халық жазушысы Валерий Михайловты 80 жылдық мерейтойымен құттықтады.

— Табиғи талантыңыз бен еңбекқорлығыңыздың арқасында шығармашылық жолыңызда ерен табысқа қол жеткіздіңіз. Ұзақ жылдар бойы еліміздің беделді басылымдарында жемісті еңбек етіп, «Казахстанская правда» газеті мен «Простор» журналын басқардыңыз. Адамгершілігі мол әрі өмірлік ұстанымдарынан айнымаған тұлға ретінде қаламгерлер арасында және қоғамда үлкен құрметке бөлендіңіз, — деп жазылған жеделхатта.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Валерий Михайловтың бірнеше буын оқырман қызыға оқитын шығармалары төл әдеби қазынамыздың бір бөлшегі ретінде лайықты бағаға ие болғанына назар аударды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев отандық әдебиеттің дамуына қосқан айрықша үлесі үшін жазушы Валерий Михайловты І дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕЛДІК МӘСЕЛЕ

Қыркүйектің соңғы жексенбісінде «Еңбек күні» атап өтіледі. Биыл мерекеге орай Еңбекмині Астанада форум өткізбек: онда «Еңбек жолы» республикалық байқауының жеңімпаздары мен мемлекеттік награда иеленген жұмысшылар салтанатты түрде марапатталады. Бұл дұрыс. Бірақ қарапайым еңбеккер үшін күнделікті жұмыс орнының қауіпсіз болуы әлдеқайда маңызды. Министрлік жұмыс берушілерге еңбек қауіпсіздігін сақтамағаны үшін биыл 500 мыңнан аса хабарлама жіберіпті. Осының өзі саланың әлі де қордаланған түйткілге толы екенін аңғартады. Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында тілге тиек еткен болатын. «Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі», – деген еді Президент. Осыдан-ақ еңбек қауіпсіздігінің, жұмысшылардың құқығын қорғаудың маңыздылығын сезіне аламыз.



Еңбек адамының өлшеусіз үлесін ел алдында ұлықтаудың өз салмағы мен маңызы бар. Бірақ өндіріс орнында бір жазатайым оқиғаның өзі адам тағдырын түбегейлі өзгертіп жібереді. Ендеше қарапайым еңбеккер үшін сахнадағы қошеметтен,

кеудедегі төсбелгіден немесе қолтыққа қыстырылған алғыс хаттан бұрын қауіпсіздік техникасына қатысты темірдей тәртіп пен жұмыс орнындағы жауапкершілік қымбат.

Бұл ретте «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасында жұмыс

орындарының қауіпсіздігіне баса мән берілуі – қоғамның ең өзекті мәселелерінің біріне жауап іздеген қадам. Бұл бағыт тұғырнаманың 3-ші мақсаты ретінде белгіленген. «Жұмыс істеймін деген әр адамға жұмыс табылсын. Лайық жалақысы бар 1 млн сапалы жұмыс орнын құрамыз. Әр жұмыс орны – ресми еңбек шарты, қауіпсіз еңбек жағдайлары және нақты зейнетақы аударымдары. Әр жұмыскердің құқығын қорғау үшін кәсіпорындардың бәрінде еңбек қатынастарына цифрлық мониторинг жасалады», – делінген сайлауалды бағдарламада.

Құжатта әр жұмыскердің құқығы қорғалуға, еңбек етіп жүрген әр адам қорғаулы болуға тиістігі нықталды. Еңбекақы, еңбек шарты және әлеуметтік аударымдар – жұмыс берушінің таңдауы емес, әр қызметкерге берілетін негізгі кепілдік. Партия бұл талаптардың кәсіпорынның көлеміне немесе жұмыспен қамту түріне қарамастан баршаға бірдей міндетті болуына қол жеткізбек. Себебі қауіптің үлкен-кішісі болмайды. Қауіпсіздікке салғырт қараған шағын цехта, алып өндіріс орны да адам өміріне бірдей қауіп төндіруі мүмкін.

(Жалғасы 4-бетте)

ТУРИЗМГЕ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ 2,2 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің туристік әлеуетін ашуға, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, кадрлық әлеуетті күшейтуге және саяхатшыларды тартатын барлық нысанда қызмет көрсетудің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі басымдықтарды айқындаған болатын.



→ 2



БАЗА ТӨМЕНДЕДІ, БАҒА ШЕ?

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені төмендетіп, жылдық 16,25% деңгейінде белгіледі. Бұл – ақша-кредит саясатын біртіндеп жұмсартуға бағытталған кезекті қадам. Дегенмен реттеушінің шешімі нарық қатысушыларының болжамынан батылырақ болып шықты. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы жүргізген сауалнамада сарапшылардың 89%-ы мөлшерлеме 16,50%-ға дейін ғана төмендейді деп күткен. Қалғандары оны бұрынғы 16,75% деңгейінде сақтау мүмкіндігін болжаған еді. Сондықтан жаңа шешім экономистер мен қаржы нарығының назарын бірден аударды.

→ 5



РИЭЛТОРЛАР ІСІ БІТЕР МЕ?

Елімізде енді риэлторлар да емтихан тапсырады. Биыл алғаш рет риэлторларды кәсіби сертификаттау жүйесі іске қосылып жатыр. Бұл бастама, расымен де, бірыңғай кәсіби стандарттарды енгізіп, риэлторлық қызметтер нарығының ашықтығын арттыра ала ма?

→ 4



ДҮБІРІ КЕТПЕС ҚҰЛАҚТАН

Қырғызстанда өткен VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спорттың мерейін асырып, тамыры ортақ халықтарды тағы бір мәрте бір арнаға тоғыстырды. Бірнеше күнге созылған дүбірлі додада көкпар, садақ ату, аударыспақ, жамбы ату, қазақ күресі және өзге де ұлттық спорт түрлері бойынша мықтылар анықталды.

→ 8



ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ

«Әділет» партиясы ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының 154 жылдығына ерекше көңіл бөлді. Партияның өңір-өңірдегі филиал өкілдері Алаш қайраткерінің өлеңдерін, нақыл сөздерін оқып, мектепке арналған оқу құралдарының қалай қалыптасқаны жайында танымдық материалдар жариялады.

Партия бұған дейін де сайлауалды бағдарламасында инновациялар арқылы мемлекеттік тілді дамыту, «Оқырман ұлт» бағдарламасын ілгерілету және «Адал азамат» құндылықтарын орнықтыру шараларын мақсат етіп алған. Соған байланысты партия өкілдері ұлт ұстазының ел арасында кең тараған өсиетін оқырман-көрермені үшін тағы бір еске салды.

«Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек». Ахмет Байтұрсынұлы осындай өсиет қалдырды. Осы өсиет баршамызға ортақ жасампаздыққа, бірлік пен дамуға сенімді серпін береді!

Айта кетейік, Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алашорда өкіметінің мүшесі болды.

Ол қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалыптастырып, ұлттық жазуды жетілдіруге және ана тілінде білім берудің дамуына зор үлес қосты. Ағартушының «Әліппе», «Тіл-құрал», «Қырық мысал», «Маса» сияқты еңбектері қазақ халқының рухани-

мәдени мұрасында айрықша орын алады. Ахмет Байтұрсынұлы, сондай-ақ «Қазақ» газетінің редакторы ретінде ұлттық баспасөздің қалыптасуына ықпал етіп, халықты білім мен ғылымға, мәдениетке ұмтылуға үндеді. «Зат есім», «сын есім», «етістік», «бастауыш» және «баяндауыш» сияқты сөздер оның мол ғылыми мұрасының бір бөлігі ғана. Ғасырдан астам уақыт өтсе де оның қазақ тіл біліміндегі қосқан үлесі әлі жыл сайын жаңғыра бермек.

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі ретінде елдің азаттығы мен ұлттық мүддесі жолында қызмет етті. Ұлт ұстазының ғылым, ағарту және ұлттық мәдениет саласындағы мол мұрасы бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды рухани құндылық болып қала бермек.

Осы орайда ғалымның құрметі үшін есімі берілген Орал қаласындағы №10 жалпы орта мектептің тарихы назар аударарлық. Мектеп 2008 жылы ашылған. Бүгінде білім ордасында оқушыларға сапалы білім берумен қатар, ғалымның өмірі мен шығармашылығын насихаттауға ерекше мән беріледі. Мектептің тарих пәні мұғалімі, мектепішілік музейдің жетекшісі Тілеген Есентемировтің айтуынша, білім ордасына Ахмет Байтұрсынұлының есімінің берілуі — үлкен мәртебе әрі мақтаныш.

«Ахмет Байтұрсынұлының есімін иелену — біз үшін үлкен мақтаныш. Мектеп ұжымы мен оқушылары ұлт ұстазының мұрасын дәріптеп, оның өнегелі жолын кейінгі ұрпаққа жеткізуге атсалысып келеді», — дейді ол.

№10 мектеп кейінгі жылдары білім саласында бірқатар жетістікке қол жеткізіп келеді. Соның бірі — 2026 жылы республикалық олимпиадалық сайыста мектеп командасының үздік үштіктен көрініп, III орын иеленуі. Бұл — ұстаздар еңбегі мен оқушылардың білімге деген ұмтылысының нәтижесі. Ұлт ұстазының есімімен аталатын білім ордасы — оның мол мұрасын ұлықтап, жас ұрпаққа өнеге етіп келе жатқан қара шаңырақ.

Сол секілді Қызылорда қаласында да көруге тұрарлық шара өтті. Зерттеушінің туған күніне орай партия қызметкерлері мен партияның белсенді жастары Ахмет Байтұрсынұлының тағылымды ойларын назарларыңызға ұсынды. Олар онысын әлеуметтік желілерге жариялаған.

Ал Жамбыл облысында осы айтулы күнге орай «Әділет» партиясы филиалы өкілдері Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен ғылыми-ағартушылық мұрасын тереңірек таныту мақсатында доцент, филология ғылымдарының кандидаты Темірбай Мұқашевпен арнайы сұхбат ұйымдастырды. Ғалым сұхбат барысында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі, ағартушылық қызметі және ұлт болашағына қатысты ұстанымдары туралы көпшілікке беймәлім тың деректермен бөлісті.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бүгінде ел экономикасының қозғаушы күші саналатын аса маңызды саланың бірі – мұнай-газ кешені. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, мұнай мен газ – стратегиялық маңызы бар ресурс. Осы орайда бұл салада ұзақ жыл мазмұнды жұмыс істеп, баянды бастамалар мен іргелі істерді қолға алып келген бүгінгі Құрылтай депутаттары Бегалы Ералиев пен Бауыржан Жамалов мұнайшылардың еңбегіне ел назарын аударды.

Депутаттардың айтуынша, мұнайшы мамандығы — маңдай термен келетін абыройлы кәсіп. Сондықтан осы салада табанды тер төгіп жүрген жұмысшылардың ерен еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Қазақстанда қыркүйек айының бірінші жексенбісінде мұнай-газ кешені қызметкерлері күні аталып өтеді. 2026 жылы кәсіби мереке 6 қыркүйекке сәйкес келеді. Бұл күн мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген мамандардың кәсіби шеберлігі мен қажырлы еңбегін құрметтеуге арналған.

Мұнай-газ саласы — еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, энергетикалық қауіпсіздігіне және өндірістік әлеуетінің артуына елеулі үлес қосып отырған стратегиялық маңызды салалардың бірі. Мұнай мен газды өндіру,

өңдеу, тасымалдау және халыққа жеткізу бағыттарында мыңдаған маман күн сайын жауапты қызмет атқарып келеді.

Бұл саладағы әрбір жетістіктің артында жоғары кәсібилік, мол тәжірибе, жауапкершілік және тынымсыз еңбек тұр. Кен орындарында, өндірістік кәсіпорындарда, мұнай өңдеу зауыттарында және газ инфрақұрылымы нысандарында қызмет атқаратын мамандар еліміздің тұрақты дамуына өз үлестерін қосып жүр.

Соңғы жылдары Қазақстанда мұнай өңдеу, мұнай-газ химиясы және газ саласын дамытуға, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруға ерекше көңіл бөлінуде. 2025 жылы еліміздің мұнай өңдеу зауыттарында 18,4 млн тонна мұнай өңделіп, газдандыру деңгейі 64 пайыздан асқаны хабарланды.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Оралда «Әділет» партиясының Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Бауыржан Бектұрған және Орал қалалық мәслихатының депутаты, облыстың беделді кәсіпкерлерінің бірі Нұргүл Ашықова өңірдің белсенді және танымал жастарымен кездесті. Кездесу жастардың қоғамдағы рөлін арттыру, олардың бастамаларын қолдау және өңірдің дамуына қатысты өзекті мәселелерді ашық талқылау мақсатында ұйымдастырылды.



Шараға жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтардың басшылары, ақындар, журналистер, блогерлер, кәсіпкерлер, студенттер және түрлі салада белсенділік танытып жүрген жастар қатысты.

Кездесуде жастардың білім алуы мен кәсіби дамуы, шығармашылық әлеуеті, қоғамдық белсенділігі,

орнату — тұрақты жұмыстың бір бағыты», — деді Бауыржан Бектұрған.

Кездесуде Орал қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының басшысы, ақын Дәурен Шамұратов жастардың шығармашылығы мен қоғамдық белсенділігі туралы ой бөлісті. Ал «Бөрлі жаршысы» газетінің бас редакторы, ақын Мейрамбек Сыдықов



акпараттық кеңістіктегі рөлі, сондай-ақ ауылдық және аудандық жерлердегі жастардың мүмкіндіктері сөз болды.

«Әділет» партиясының БКО филиалының төрағасы Бауыржан Бектұрған жастармен жұмыстың маңыздылығына тоқталып, жас буынның қоғамның белсенді мүшесі ретінде өз ұсыныстары мен бастамаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беру қажеттігін атап өтті.

«Жастар — елдің болашағы ғана емес, бүгінгі қоғамның белсенді бөлігі. Сондықтан олардың пікірін тыңдау, бастамаларына қолдау көрсету және нақты ұсыныстардың ескеру маңызды. Біз үшін жастармен ашық диалог

қазіргі акпараттық кеңістіктегі жастардың рөліне тоқталды. Бәйтерек аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының басшысы Дархан Қуатов аудан жастарына арналған мүмкіндіктер мен жастар бастамаларын қолдау бағытындағы жұмыстар туралы айтып берді.

Кездесудің негізгі бөлігі ашық пікір алмасу форматында өтті. Жастар өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын ортаға салды.

Осындай форматтағы кездесулер жастардың пікірін тікелей тыңдауға, олардың қоғамдық бастамаларын қолдауға және жастар мен қоғамдық институттар арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік берері сөзсіз.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Ақтауда «Әділет» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы «Ақтау тұрғындары» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған семинар-тренинг өтті.



Тренингке облыстық басқарушы сервистік компаниялары және мүлік меншік иелері бірлестіктері қауымдастығының төрағалары, Төтенше жағдайлар департаментінің, Ақтау қаласы әкімдігінің, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының мамандары қатысты. Семинар барысында көпқабатты тұрғын үйлерді басқару, МИБ пен басқарушы компаниялардың міндеттері мен жауапкершілігі, тұрғындармен кері байланысты күшейту, тұрғын үй қорын қауіпсіз пайдалану және заңнама талаптары жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу, инженерлік желілерді қауіпсіз пайдалану, авариялық жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алго-

ритмдері және тұрғындармен тиімді коммуникация орнату мәселелері сөз болды.

Айта кетерлігі, партия жанындағы «Ақтау тұрғындары» БПҰ басты міндеттерінің бірі — тұрғындардың мәселесін тыңдап қана қоймай, олардың шешілуіне ықпал ететін тұрақты диалог алаңын қалыптастыру. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жалғасады. Іс-шара аясында Құрылтай сайлауы кезінде партиямен тығыз байланыс орнатып, қолдау көрсеткен МИБ төрағаларына «Әділет» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының басшысы И.Шағырбаевтың атынан алғыс хаттар табысталды.



ҚОҒАМ

8 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Қазақстанның көшбасшы партиясының сайлауалды бағдарламасында атап өтілгендей, мемлекет пен жұмыс берушінің міндеті — әр қызметкердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігіне сеп болу. Мемлекет енді өндіріс нысандарын аттестаттау жүйесінен кәсіптік қатерлерді бағалау жүйесіне көшеді. Сол арқылы қауіп-қатер көздерін адам мертігіп не мерт болмай тұрып танып, олардың алдын алатын нақты шараларды қолдануға болады. Қауіптің алдын алу — қайғылы оқиғадан залдап шеккен адамның отбасы сотқа жүгініп, мекеме жағалап жүрмей-ақ, лайық қолдауды дер кезінде алуға тиіс. Сақтандырудың қатерге қаратылған моделін енгіземіз. Еңбек қауіпсіздігіне инвестиция құятын және жарақаттану үнемі азайтып отыратын жұмыс берушілерге төмендетілген тарифтер мен сақтандыру бонустарын беруді қарастырамыз», — делінген «Әділеттің» сайлауалды бағдарламасында. Яғни қауіпсіздік мәдениеті жазаман ғана емес, жауапкершілікті ынталандырумен де орнығуы қажет. Осы және басқа өзгерістер еңбек қауіпсіздігін күшейтудің келесі реформасына тұғыр болмақ.

ТӘРТІПСІЗДІК ҚҰНЫ — АДАМ ӨМІРІ

Әйткенмен, еңбек адамдарының өмірі мен денсаулығын қорғау әлі де күн тәртібіндегі ең өткір мәселе екенін көрсететін ашық шындық бар. Күні кеше Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мал шаруашылығы кәсіпорнында бір топ адамның қаза болуына жұмыс берушінің 100 пайыз кінәлі екенін анықтады. Арнайы комиссия АҚТОГАИ МЛК ЖШС-дағы топтық жазатайым оқиғаға жүргізілген арнайы тексерудің қорытындысын шығарды. Бұдан бұрын, 2026 жылғы 20 шілдеде Павлодар облысындағы АҚТОГАИ МЛК кәсіпорнында алты жұмысшы қаза тапқан еді.

Тексеру барысында көріз құдығында жұмысшылардың бірі күкіртсутегінен уланғаны анықталған. Оған көмек көрсетуге ұмтылған басқа жұмысшылар құдыққа кезекпен түскен. Залдарынан бір-бірін құтқаруға тырысқан алты жұмысшы күкіртсутегінен улау әсерінен қаза тапты. Комиссия жұмысшылардың қауіптілігі жоғары жұмыстарды қауіпсіз орындау бойынша тиісті оқудан өтпегенін, қажетті жеке қорғаныш құралдарымен жабдықталмағанын әшкереледі.

Сонымен қатар кәріз құдығындағы жұмыстарды ұйымдастыру кезінде, оның ішінде авариялық жағдай туындап, құтқару жұмыстары жүргізілген кезде қауіпсіздіктің қажетті деңгейі де қамтамасыз етілмеген. Демек, оқиға бір ғана күндегі қателіктен тұмаған. Мұнда алдын ала оқыту, қорғаныш құралдары, қауіпсіздік тәртібі, авариялық жағдайға дайындық секілді бірнеше қорғаныс шебі қатарынан әлсіреген. Ал еңбек қауіпсіздігі дегеніміз — адам өмірін өр кезеңде қорғайтын тұтас жүйе болуға тиіс.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ — ЕЛДІК МӘСЕЛЕ

«Үкіметтік комиссияның жұмысы қорытындысы бойынша жұмыс беруші — АҚТОГАИ МЛК ЖШС-ның кінә дәрежесі 100 пайыз деп белгіленді. Арнайы тексеру нәтижесінде жазатайым оқиғаның себептері мен мән-жайлары айқындалып, жауапты лауазымды тұлғалар белгіленді. Сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою және алдағы уақытта осындай жағдайларға жол бермеу жөнінде ұсынымдар әзірленді», — деп түсініктеме берді ведомство.

Министрлік Павлодар облысының және басқа да өңірлердің жұмыс берушілерін қауіптілігі жоғары жұмыстарды, оның ішінде құдықтарда, резервуарларда және басқа да жабық кеңістіктерде жүргізілетін жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыруға ерекше назар аударуға шақырды. Еңбекмині кәсіпорындарды «жұмысшыларын қажетті жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге, оларды жұмысты қауіпсіз орындау әдістеріне тиісті деңгейде оқытуға, сондай-ақ апаттық жағдай туындаған кездегі іс-қимылдарға және құтқару жұмыстарын жүргізуге дайындауға ерекше көңіл бөлуге» үндеді. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау — жұмыс берушінің тікелей міндеті әрі жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың негізгі шартының бірі. Бір құдықтың түбінде қалған алты өмір осы қарапайым ақиқаттың құны тым қымбатқа түсетінін көрсетті.

БАҚЫЛАУ БАР ЖЕРДЕ ТӘРТІП БАР

Мұндай жөнсіздіктер жекелеген кәсіпорындармен шектелмейтін өндірістік жарақат статистикасы паш етті. Еңбек министрлігінің Еңбек инспекциясы комитеті еліміздің барлық өңіріндегі 500 мыңнан астам жұмыс берушіге еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды күшейту бойынша ұсыным-ескертуге жолдады. Ведомство бұл шара профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға, жұмыс орындарындағы тәуекелдерді уақтылы анықтауға, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталғанын мәлімдеді.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында ел кәсіпорындарында 727 жұмысшы зардап шекті. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 24,5%-ға күрт өскен. Ауыр жарақат алған жұмысшылар саны 409-дан 476 адамға жетіп, бірден 16,4%-ға ұлғайды. Әр санның артында жұмысшының денсаулығы, отбасының тағдыры, тіпті кейде бүкіл әулеттің әлеуметтік жағдайы тұр.

Өндірістік жарақаттанудың негізгі себептері белгілі. Еңбекминінің түсіндіруінше, жұмыстарды қауіпсіз орындауды тиісті деңгейде ұйымдастырмау, қауіпсіздік талаптарының сақталуына бақылау



жасамау, ақауы бар жабдықтарды пайдалану, қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде талаптарды бұзу — негізгі себептердің қатарында.

Бұдан бөлек, нұсқамалар өткізуге, жұмысшыларды оқытуға формалды қарау, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етпеу немесе оларды пайдаланбау, жұмыс орындарының жағдайына жеткіліксіз бақылау жасау да жазатайым оқиғалардың туындауына ықпал етеді. Демек, мәселенің түп-тамаыры көбіне жаңа, күрделі технологияның тілін білмеуден емес, қарапайым тәртіптің сақталмауынан шығады.

Сондықтан Еңбекмині жұмыс берушілерге еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды күшейтуді ұсынды. Атап айтқанда, олар мынаны қамтамасыз ету қажет: біріншіден, еңбек қатынастарын тиісті түрде ресімдеу және Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (ЕШЕБЖ) еңбек шарттары туралы мәліметтерді уақтылы енгізу. Екіншіден, заңнамаға сәйкес жұмыс міндеттерін атқару кезінде жұмысшыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру.

Үшіншіден, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптары бойынша оқытуды, нұсқамаларды және білімді тексеруді тұрақты түрде өткізуі керек. Төртіншіден, міндетті медициналық тексеруден өтуді қамтамасыз етуге тиіс. Бесіншіден, жұмысшыларды жеке және ұжымдық қорғаудың ақаусыз құралдарымен қамтуы қажет. Алтыншыдан, жұмыс орындарындағы кәсіби тәуекелдерді анықтауға және төмендетуге кенес берілді. Жетіншіден, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қызметтер мен мамандардың, өндірістік кеңестердің және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың тиімді жұмысы маңызды.



2026 жылдың бірінші жартыжылдығында ел кәсіпорындарында 727 жұмысшы зардап шекті. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 24,5%-ға күрт өскен. Ауыр жарақат алған жұмысшылар саны 409-дан 476 адамға жетіп, бірден 16,4%-ға ұлғайды. Әр санның артында жұмысшының денсаулығы, отбасының тағдыры, тіпті кейде бүкіл әулеттің әлеуметтік жағдайы тұр.

Сонда ғана ішкі бақылау қағаз жүзіндегі есептен нақты қорғаныс жүйесіне айналады. Сарапшылар тиісті бақылау болмаса, кейбір жұмыс беруші өмірлік маңызды талаптарға мән бере бермейтініне назар аудартады.

— Басшының негізгі міндетінің бірі — қауіпсіз еңбек жағдайын жасау. Мен қауіпсіздік техникасына қатысты құжаттарды жанартып, өндірістік процестердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шешімдерді енгізуге қатысамын. Әрбір қызметкердің жұмыстан кейін үйіне аман-есен, дені сау күйде оралғаны мен үшін маңызды. Бұл кез келген жұмыс берушінің басты мақсаты мен басымдығына ай-

налғанда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз, — дейді әктөбелік еңбекті қорғау маманы Тойған Бекеева.

Т.Бекеева мұнай саласында 38 жыл еңбек еткен маман: кәсіби жолын сылақшы болып бастап, бүгінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық басшының орынбасары қызметіне дейін өсіпті. Ол өз қағидасын іспен дәлелдеп, Кеңжияқ кен орнында жеке медициналық пункт ашу жұмысына атсалысты. Сондай-ақ биіктікте жұмыс істейтін қызметкерлерге арналған отандық жеке қорғаныш құралдарын сынақтан өткізген. Бүгінде Тойған апай өз мамандығы бойынша елге қызметін жалғастырып, жас мамандарды баулып, ақыл-көнесін айтып, жинақтаған тәжірибесін бөлісіп келеді. Оның еңбек жолы қауіпсіздік мәдениетінің жылы кабинетіне емес, өндірістің өз ішінде қалыптасатынын дәлелдейді.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАҢА ӨЛШЕМІ

Ақпарат ғасырында еңбек қауіпсіздігі деген ұғымның өзі өзгеріп келеді. Бұрын жұмыс орнындағы қауіп дегенде ең алдымен станок, биіктік, электр желісі, улы зат, шахта ойға келетін. Енді оған экранның ар жағындағы қатер қосылды. Себебі қазіргі кәсіпорындардың тынысы шифрлық жүйемен тікелей байланысты. Өндірісті басқару, қаржы, қызметкерлердің деректері, құжат айналымы, байланыс арналары, тіпті пилотсыз жүк және қарьер көліктері — бәрі-бәрі ақпараттық кеңістікке тәуелді. Осы себепті 25 тамыздан бастап жұмыс берушілер қызметкерлерді киберқауіпсіздік талаптарымен таныстыруға да міндеттелді.

Бұл — 2026 жылғы 24 маусымдағы №326-VIII заңмен Еңбек кодексіне енгізілген жаңа нормалардың бірі. Кодекстің 22-бабына «киберқауіпсіздік» деген сөз қосылды. Енді қызметкер қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын ғана емес, киберқауіпсіздік талаптарын да сақтауға міндетті.

Ал 23-бап жаңа 25-1 тармақшамен толықтырылды. Оған сәйкес жұмыс беруші қызметкерлерді киберқауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі жұмыс беруші актілерінің талаптарымен таныстыруға, олардың орындалуына ішкі бақылау жүргізуге міндетті. Яғни киберқауіпсіздік енді IT бөлімінің ғана шаруасы емес. Ол еңбек тәртібінің құрамына кірді.

Бұдан былай кәсіпорында киберқауіпсіздік талаптары болуға тиіс. Жұмыс беруші ереже, нұсқаулық немесе ішкі еңбек тәртібі қағидаларының тиісті бөлімін қабылдауы, оны өзектендіруі қажет. Содан кейін барлық қызметкерге қол қойғыза отырып, онымен таныстыруға, талаптардың сақталуына ішкі бақылауды жолға қоюға тиіс.

Киберкеңістік пен өндіріс тоғысқан жаңа дәуірде еңбекті қорғау мәдениетін жаңа сатыға көтеру — басты міндет. Әрбір кәсіпорын қауіпсіздікті қып-қызыл шығын емес, болашаққа құйылған ең маңызды инвестиция ретінде түсінгенде ғана түбегейлі өзгеріс орнайды. Елдің экономикалық қуаты миллиондаған жұмысшының денсаулығы мен амандығына тікелей байланысты.

Елдос СЕНБАЙ

РИЭЛТОРЛАР ІСІ БІТЕР МЕ?

Елімізде енді риэлторлар да емтихан тапсырады. Биыл алғаш рет риэлторларды кәсіби сертификаттау жүйесі іске қосылып жатыр. Бұл бастама, расымен де, бірыңғай кәсіби стандарттарды енгізіп, риэлторлық қызметтер нарығының ашықтығын арттыра ала ма?

Айсұлу СЫЕЗХАН

Жаңа тәртіпке сәйкес, сертификаттаудан өтіп, кәсіби біліктілігін растаған риэлторлар бірыңғай тізілімге енгізіледі. Осылайша, риэлторлардың ресми тізілімін дайындау — тұрғын үй нарығындағы алаяқтықты азайтып, клиенттердің құқығын қорғауға бағытталып отырған шара.

Елімізде риэлторлардың жұмысына қатысты шағымданатын тұрғындардың саны азаймай тұрғаны белгілі. Халық өзін риэлтормын деп таныстырғандар арасында алаяқтардың барын және келісімшартты өз пайдасына шешіп, жоғары комиссия алатындардың құрбаны болатынын үнемі айтып келеді. Рапа Ұлттық риэлторлар палатасының вице-президенті Әсет Айтбаевтың айтуынша, бүгінде 30 мыңнан аса риэлтор бейресми жұмыс істейді, тіпті мұндай агенттердің санын дәл анықтау мүмкін емес. Олар салық төлемейді, ресми түрде жұмыссыз деп тіркелген, сонымен қоймай, екі тараптан да жоғары ақы талап етеді. Тек 2 мыңдай риэлтор ресми түрде тіркеліп, адал қызмет етіп жүр. Халықтың алаяқтардың құрбанына тап болдық дейтін уәжі осында келіп шығады.



Нәтижесінде, қазір жалдау мәмілелерінің 67 пайыздан астамы ресми келісімшартсыз жасалып отыр.

Қазір біртіндеп халықтың да сауаттылығы артып жатқандай, демек алда риэлтордың көмегіне жүгінбес бұрын сертификат талап етіле бастайтыны анық. Риэлторларды сертификаттау жүйесі Ұлттық риэлторлар палатасының бастамасымен іске асып жатыр. Әсет Айтбаевтың сөзінше, сертификаттаудан өтуде риэлтордың кәсіби дайындығы, біліктілігі мен тәжірибесі міндетті түрде тексеріледі. Сонымен қатар ұйым 1000-нан аса сұрақтан тұратын база дайындап шыққан.

— Сұрақтардың шамамен 40-50 пайызы нақты тәжірибеге негізделген. Біздің ойымызша, сертификат маманның кәсіби дайын екенін және қызметті сапалы көрсететінін дәлелдейді, — дейді Әсет Айтбаев.

Демек, емтиханды тапсыру да оңайға соқпайды және тестілеу мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде қолданылатын прототип технологиясы арқылы өтеді. Бұл жүйеде нәтижені сатып алу, көшіру немесе басқа адамның орнына тапсыру мүмкін емес. Кейін бұл жүйе сертификатталған риэлторлардың бірыңғай электрон тізілімін толықтырып отырады. Соның нәтижесінде маман таңдау тұтынушы үшін ашық әрі қауіпсіз бола түседі.

Тестілеуден рапа-ұр.кz сайты арқылы өтуге болады. Риэлтор емтиханға тіркелу үшін 80 мың теңге көлемінде ақы төлеуге тиіс және үміткерге екі мүмкіндік беріледі. Сертификатқа ие болу үшін 60 сұрақтың кемінде 45-іне дұрыс жауап беру керек. Сертификат бір жылға жарамды болады. Бұл жүйенің риэлторлар үшін де пайдасы мол болмақ, алдымен, тұтынушылардың сеніміне ие болса, екіншіден, жоба серік-

тестерінің платформасында жарнамасын ілгерілетуге арналған бонустар да беріледі. Дамыған елдердегі риэлторлық қызметтің жөні бөлек. Мәселен, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Канада, Испания сияқты Еуропа елдерінде риэлторлық қызметке қатысты нақты талаптар белгіленген. Елімізде де бұл тәртіп біртіндеп қалыптасып жатқанға ұқсайды. Сертификаттау жүйесі де — халықаралық озық тәжірибенің үлгісі. Еуропа елдеріндегі тәжірибе бойынша сатып алушы мен жалға алушы риэлтор қызметі үшін қосымша ақы төлемейді, мұнда онсыз да қаржы шығындап жатқаны ескеріледі. Сонымен қатар бұл елдерде меншік иесі сататын үйін тұтынушыға өзі көрсетпейді, риэлторлар жұмыс атқарады. Сол себепті қызметке ақыны табыс тауып отырған жақ төлейді.

Қазір елімізде өзін-өзі реттеу жүйесі де қатар іске қосылып жатыр. Мұндай кадам көлеңкелі айналымды жойып, мемлекеттік бюджетке салық түсімін арттырады. Бұл жүйеде ресми келісімшарт негізінде екі тараптың, артық шығыннан қорғалатын клиенттің де, риэлтордың да құқығы заңмен реттеледі.

— Ақшаны алып, ізім-ғайым жоғалып кеткен жағдайлар аз болған жоқ. Мұндай кезде клиент те, риэлтор да қорғалмайды, өйткені қызмет көрсету туралы ресми келісімшарт жасалмаған. Біз барлық риэлторды кінәламаймыз. Кейде клиент тарапынан да заңсыз әрекеттер болады. Сондықтан екі тараптың да құқығын қорғайтын жүйе қалыптастырып жатырмыз, — дейді риэлторлар палатасының вице-президенті.

Дегенмен де бұл мамандық әлі де заң жүзінде нақты реттелмеген. Бұған дейін риэлторлық қызмет туралы заң жобасы туралы бірнеше рет талқылау болғанымен, әзірге заң қабылданған жоқ. 15 жылға жуық тәжірибесі бар риэлтор Дидар Түсіпханұлы саланы реттейтін заң жүйесінің болғанын асыға күтіп жүр. Себебі алаяқтар қарапайым халықпен қатар адал еңбек етіп жүрген риэлторларды да алдап соғатынға ұқсайды.

— Әйелім екеуіміз алғашында флипер болып жылжымайтын мүлік саласында еңбек ете бастадық, кейінгі жылдары пәтерді жалға беру бойынша жұмыс істеп жүрміз. Осы жылдарда өзім де алаяқтардың көбін көрдім. Солардың кесірінен біздің де жұмысымызға зияны тиіп жатыр. Сол себепті де риэлторларды сертификаттау жүйесінің болғаны орынды, алда саланы реттейтін заңның тезірек қабылданғаны жөн, — дейді маман.

Оның ойынша, сертификаттау жүйесімен қатар риэлторларға арналған курстар мен оқу бағдарламасы да болуы керек. Тұтынушымен тіл табысу, қазақ және орыс тілін меңгеру де бүгінде басты талап қатарына жатуға тиіс.

— Емтихан тапсырмастан бұрын риэлторларды дайындауға, кәсіби біліктілігін арттыруға арналған оқыту жүйесі болғаны дұрыс. Қазір жеке кәсіпкер ретінде тіркелуден бөлек, маманның біліктілігін дәлелдейтін де құжат керек. Тәжірибемен мынадай да жағдай болған. Дін жолында жүрген адаммын деп тұмшаланып киініп алған бір адам келді. Екі күнге үйді жалға алуға келіседі де, қызығы, кейін сол үйді ұзақ мерзімге жалға беріп, қулығын асырып кетті. Үйдің иесі кім, қандай келісімшарттар болуға тиіс, мұның бәрін білмей, алданып қалатын тұрғындар өте көп, — дейді Дидар Түсіпханұлы.

Қазір риэлторлардың тізілімін дайындау, сертификаттау жүйесі, өзін-өзі реттеу жүйесін ұйымдастыру іске асып жатыр. Алда заң тұрғысынан да бастамалар жалғасар дейміз. Қолданыстағы заңдарда «риэлтор», «жылжымайтын мүлік делдалы», «ақпараттық қызмет» деген терминдерге нақты анықтама жоқ. Сонымен қатар қаржылық қауіпсіздік те реттелуге тиіс. Егер риэлтордың әрекеті тұрғынға зиян келтірсе, сақтандыру компаниясы өтемақы төлеуі керек. Мұндай тәжірибе көптеген елде бар көрінеді.

Қысқасы, ендігі кезекте риэлторлық қызмет туралы заң қабылданса, тұрғын үй нарығындағы алып-сату мен жалға беру-дегі көптеген мәселе шешімін табар еді.

НАРЫҚ

БАЗА ТӨМЕНДЕДІ, БАҒА ШЕ?

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені төмендетіп, жылдық 16,25% деңгейінде белгіледі. Бұл – ақша-кредит саясатын біртіндеп жұмсартуға бағытталған кезекті қадам. Дегенмен реттеушінің шешімі нарық қатысушыларының болжамынан батылырақ болып шықты. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы жүргізген сауалнамада сарапшылардың 89%-ы мөлшерлеме 16,50%-ға дейін ғана төмендейді деп күткен. Қалғандары оны бұрынғы 16,75% деңгейінде сақтау мүмкіндігін болжаған еді. Сондықтан жаңа шешім экономистер мен қаржы нарығының назарын бірден аударды.

А **Кәмила ЕРКІН**

Базалық мөлшерлеме — Ұлттық банктің экономикадағы ақша құнын реттейтін негізгі құралының бірі. Ол екінші деңгейлі банктердің қаржы тарту шығындарына, депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелеріне, бизнес белсенділігіне және халықтың тұтынушылық сұранысына әсер етеді. Мөлшерлеме жоғары болған кезде несие қымбаттап, экономикадағы артық сұраныс тежеледі. Бұл инфляцияны баяулатуға көмектеседі. Бірақ қатаң ақша-кредит саясаты ұзақ уақыт сақталса, кәсіпкерлердің қаржы тартуы қиындап, инвестициялық белсенділік әлсіреуі мүмкін. Сондықтан Ұлттық банкке екі міндеттің арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Бір жағынан, бағаның өсуін бақылаудан шығармауы керек. Екінші жағынан, тым қымбат ақшаның экономиканың дамуына кедергі келтіруіне жол бермеуге тиіс. Қыркүйектегі шешім осы тепе-теңдікті табуға жасалған сақ қадамға көбірек ұқсайды. Шешім қабылдауға тамыз айындағы инфляция көрсеткіші негіз болды. Жыл-



дық инфляция 9,8%-ға дейін баяулап, дезинфляциялық үрдіс он бір ай қатарынан жалғасты. Ресми мәліметте импорттық инфляцияның бәсеңдеуі, теңге бағамының салыстырмалы тұрақтылығы және азық-түлік нарығындағы маусымдық факторлар атап өтілді. Халықтың алдағы баға өсіміне қатысты күтулері де біршама төмендеген. Мұндай жағдай Ұлттық банкке мөлшерлемені тағы 0,5 пайыздық тармаққа түсіруге мүмкіндік берді. Ресми шешімге сәйкес, базалық мөлшерлеме 16,25%, ал оның дәлізі плюс-минус 1 пайыздық тармақ деңгейінде белгіленген. Экономист, Qazaq Expert Club тен құрылтайшысы Бауыржан Шурманов бұл шешімнің нарық болжамынан өзгеше болғанына назар аударады. «Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені 16,25%-ға дейін төмендетуі нарық үшін күтпеген шешім болды. Сарапшылардың басым бөлігі мөлшерлеме 16,50%-ға дейін ғана төмендейді деп болжаған еді. Реттеушінің мұндай қадамға баруына тамыз айында жылдық инфляцияның 9,8%-ға дейін баяулауы негіз болды. Жеміс-көкөніс өнімдерінің маусымдық арзандауы, импорттық бағалардың бәсеңдеуі және теңгенің салыстырмалы тұрақтылығы да оң әсер етті. Сонымен қатар

халықтың инфляциялық күтулерінің біршама төмендегені байқалды. Осы факторлар Ұлттық банкке ақша-несие шарттарын тағы да аздап жұмсартуға мүмкіндік берді», — дейді экономист. Алайда мөлшерлеменің төмендеуі несие мен ипотека бірден арзандайды дегенді білдірмейді. Базалық мөлшерлеменің банк өнімдеріне әсері белгілі бір уақыттан кейін сезіледі. Бұған қоса, банктер несие құнын есептегенде қорлану шығындарын ғана емес, қарыз алушының төлем қабілетін, тәуекел деңгейін, операциялық шығындар мен нарықтағы сұранысты да ескереді. Сондықтан мөлшерлеменің 0,5 пайыздық тармаққа төмендеуі қарапайым азамат алатын тұтынушылық несенің пайызын дәл сондай көлемде бірден азайтпауы мүмкін. Бизнес үшін де нәтиже бірден байқалмайды. Дегенмен базалық мөлшерлеменің төмендеу циклі жалғасса, банктердің кәсіпкерлерге ұсынатын қаржысы біртіндеп қолжетімді бола бастайды. Бұл айналым қаражатын толықтыруға, өндірісті кеңейтуге және жана жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді. Әсіресе шағын және орта бизнес үшін несие құнының төмендеуі маңызды. Бірақ кәсіпкерлер үшін бір реттік шешімнен гөрі мөлшерлеменің алдағы

бағыты мен экономикалық тұрақтылық маңыздырақ. Депозит нарығында кері құбылыс болуы ықтимал. Базалық мөлшерлеме төмендеген сайын банктер салымдар бойынша ұсынылатын сыйақыны да біртіндеп қайта қарауы мүмкін. Соған қарамастан қазіргі 9,8% инфляция жағдайында теңгелік активтердің нақты кірістілігі әлі де оң деңгейде қалып отыр. Демек, жинағын теңгемен сақтайтын азаматтар үшін депозиттер тартымдылығын бірден жоғалтпайды. Сонымен бірге жылдық инфляцияның төмендеуіне қарап, экономикадағы баға мәселесі шешілді деуге болмайды. Жылдық көрсеткішке былтырғы жоғары салыстырмалы база да әсер етеді. Ал бағаның соңғы айлардағы қозғалысын көрсететін жедел индикаторлар ішкі қысымның толық жойылмағанын аңғартады. Маусымдық түзетілген айлық инфляция 0,9%, базалық инфляция 0,7% болды. Базалық инфляция маусымдық немесе уақытша өзгерістерді алып тастап, бағаның тұрақты бөлігінің қалай өсіп жатқанын көрсетеді. «Қазіргі шешімді базалық мөлшерлеменің жылдам төмендеу кезеңі басталды деп қабылдауға әлі ерте. Жылдық инфляция баяулағанымен, ел ішіндегі баға қысымы жоғары деңгейде сақталып отыр. Маусымдық факторларды есепке алмағанда, айлық инфляция 0,9%-ды, ал базалық инфляция 0,7%-ды құрады. Бұл бағаның тұрақты бөлігінің әлі де айтарлықтай жылдам өсіп жатқанын көрсетеді. Бұған қоса, бюджет шығындары, коммуналдық тарифтер мен жанар-жағармай бағасы инфляцияны қайта жеделдетуі мүмкін. Сондықтан алдағы шешімдер ағымдағы көрсеткіштермен қатар осы тәуекелдердің динамикасына да байланысты болады», — дейді Бауыржан Шурманов. Инфляцияға ықпал ететін тәуекелдің бірі — бюджеттен экономикаға түсетін қаржының көлемі. Мемлекеттік шығындар жылдам өссе, ішкі сұраныс та жоғарылайды. Тауар мен қызмет өндірісі сол сұранысқа ілесе алмаған жағдайда баға қайта көтеріледі. Коммуналдық тарифтердің өзгеруі де халықтың күнделікті шығынына ғана емес, кәсіпорындардың өзіндік құнына әсер етеді. Электр энергиясы, су, жылу және тасымал қымбаттаса, бұл шығын түпкі өнім бағасына қосылады.

Жанар-жағармай нарығындағы өзгеріс те маңызды. Отын бағасының өсуі тасымал шығынын арттырып, азық-түліктен бастап құрылыс материалдарына дейінгі көптеген тауардың құнына ықпал етеді. Бұған сыртқы нарықтағы тұрақсыздық пен валюта бағамының ықтимал өзгерісін қосуға болады. Теңге әлсіреген жағдайда импорттық тауарлар және шетелден жеткізілетін шикізат қымбаттайды. Сондықтан Ұлттық банк мөлшерлемені төмендету кезінде ішкі инфляцияны ғана емес, ұлттық валютаның тұрақтылығын да ескеруге мәжбүр. Реттеушінің ортамерзімді болжамы да тым еркін саясатқа көшуге әлі ерте екенін көрсетеді. Ұлттық банк 2027 жылға арналған инфляция болжамын 6,5-8,5%-ға дейін көтерді. Ал инфляцияның 5% нысаналы көрсеткішке жетуі енді 2028 жылға қарай күтіледі. Бұл баға өсімін тұрақты түрде төмендету үшін бірнеше жыл қажет болуы мүмкін екенін білдіреді. «Ұлттық банктің 2027 жылға арналған инфляция болжамын 6,5-8,5%-ға дейін көтеруі тәуекелдердің әлі де жоғары екенін аңғартады. Ал инфляцияны 5% нысаналы көрсеткішке жеткізу енді 2028 жылға қарай күтіліп отыр. Сол себепті қазіргі төмендетуді ақша-кредит саясатын кең көлемде жұмсартудың белгісі деп бағалауға болмайды. Бұл — ең алдымен инфляцияның соңғы көрсеткіштерінің жақсаруына берілген сақ реакция. 23 қазандағы отырысқа дейін проинфляциялық факторлар қайта күшейсе, Ұлттық банк төмендетуді жалғастырмауы мүмкін. Мұндай жағдайда базалық мөлшерлемені 16,25% деңгейінде сақтау ең ықтимал шешім болады», — деп қорытындылады сарапшы. Демек, мөлшерлеменің төмендеуі экономика үшін жағымды белгі болғанымен, арзан несие кезеңі басталды деуге негіз жок. Ұлттық банк инфляцияның баяулағанын мойындап, қатаң саясаттың қысымын аздап жеңілдетті. Бірақ баға тұрақтылығына төнетін қатерлер әлі сақталып отыр. Ендігі бағыт тарифтерге, бюджет шығындарына, жанармай бағасына, теңге бағамына және халықтың инфляциялық күтулеріне байланысты болады. Егер бұл көрсеткіштер тұрақты болса, мөлшерлемені біртіндеп төмендетуге мүмкіндік туады. Ал инфляция қайта күшейсе, реттеуші үзіліс жасап, қазіргі деңгейге қайта оралуы ықтимал.

БЮДЖЕТКЕ ТҮСКЕН БАТПАН

Мемлекеттік бюджет тағдыры – қоғамда жиі талқыға түсетін тақырыптың бірі. Жылда солай. Қазынаға қанша қаржы түсті, қанша ақша жұмсалды, жоспар орындалды ма, орындалмады ма сарапшылар қауымы бәрін қадағалап отырады. Әсіресе бюджет тапшылығы ұлғайып, мемлекеттік қарыз көбейген сайын, сынның да салмағы арта түсетіні түсінікті. 2026 жылдың алғашқы жеті айының қорытындысы жарияланғаннан кейін де осындай пікірлер көбейді.

А **Ербол ТҰРЫМБЕТ**

Кейбір сарапшылар мен қоғам өкілдері бюджет кірісінің жоспарға жетпеуін биылғы салық реформасынан көріп, онысын реформа ел күткен нәтижені бермей жатыр деген оймен бекіткісі келеді. Шынында да, сандарға қарасақ, осы ойға жетелейтіндейі бар-ақ. Жеті айда республикалық бюджетке 12,36 триллион теңге кіріс түскен. Бұл жоспардың 99 пайызына жуық. Ал бюджет тапшылығы 2,8 триллион теңгеге жеткен. Оны жабудың негізгі тетігі бұрынғыдай — мемлекеттік қарыз алу. Тіпті, келесі жылы мемлекет шығыны шамамен 29 триллион теңге, ал кіріс 25,4 триллион теңге деңгейінде жоспарланып отыр. Соған сәйкес бюджет тапшылығы 4,5 триллион теңге шамасында болады. Ал мұнайға қатысты түсімдерді қоспасақ, тапшылық 10 триллион теңгеден асуы мүмкін деген есеп бар. Дефицитті өтеудің амалы деп тағы қарызға кіріп жатсақ, таңғалатын жайт емес. Оның сыртында қарыздың өзі тұрмақ, мемлекеттік борышқа қызмет көрсету шығыны да өсіп келеді. Жеті айдың өзінде қарыз бойынша пайыз төлеуге 2,4 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Осы көрсеткіштердің өзі-ақ бюджет саясатына сын айтуға жеткілікті себеп сияқты. Алайда экономист Ғалым Құсайыновтың пікірінше, мәселенің байыбына бармай тұрып, мұндай қорытынды жасауға асықпау керек. Оның айтуынша, бюджет көрсеткіштерін тек жоспармен салыстырып, содан кейін «салық реформасы нәтиже бермеді» деген тұжырым жасау экономикалық тұрғыдан дұрыс емес.

САЛЫҚ КӨЛЕМІ АРТҚАН

Экономиканың қарапайым қағидасы бар, кез келген жоспар белгілі бір болжамдарға сүйеніп жасалады. Ал болжам дегеніңіз өзгермейтін, қатып қалған қағида емес. Бюджетті жоспарланған кезде инфляция қандай болады, мұнай мен металдың бағасы қай деңгейде



қалыптасады, ұлттық валюта қанша тұрады, экономикалық белсенділік қалай өзгереді деген секілді ондаған фактор есепке алынады. Бірақ соның бәрі бір жылдың ішінде бастапқы болжамнан ауытқуы мүмкін. Сондықтан Құсайынов бюджет кірісін бағалағанда жоспардан қанша пайызға ауытқығанына ғана емес, былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырған жөн деп есептейді. Бұл жерде көрініс мүлде басқаша көрінеді. 2026 жылдың алғашқы жеті айында салық түсімдері өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17 пайызға өскен. Яғни мемлекет қазынасына түсетін салық көлемі қысқарған жоқ, керісінше айтарлықтай артқан. Мұның өзі «салық реформасы бюджет кірісін құлдыратты» деген қарапайым тұжырымның асығыс екенін көрсетеді. Бірақ мұнда ұлттық валютаның бағамы дейтін тағы бір маңызды фактор бар. Былтыр алғашқы жеті айда АҚШ ақшасының орташа бағамы шамамен 514 теңге болса, биыл осы кезеңде ол 484 теңге шамасында қалыптасты. Бір қарағанда, мұның бюджетке қандай қатысы бар деген сұрақ тууы мүмкін. Шын мәнінде, тікелей байланысты дүние. Қазақстандағы бірқа-

тар салық түсімдері импортқа, сыртқы саудаға, экспорттық тауарлардың бағасына және валюталық есептеулерге байланып қалған. Демек, теңгенің нығаюы бюджетке түсетін түсімдердің теңгелік көлеміне әсер етеді. Ғалым Құсайыновтың есебінше, ұлттық валютаның нығаюы бюджет кірісін шамамен 400 млрд теңгеге азайтқан. Егер теңге былтырғы деңгейде болғанда, салық түсімдерінің жылдық өсімі қазіргі 17 пайыздың орнына шамамен 20 пайыздай болар еді. Бұл да «бюджет жоспарының орындалуына кері әсер еткен салық реформасы екен» деп сөйлеуге кереғар дерек. Бюджеттегі жағымсыз көрініске Экономиканың сыртқы жағдайы мен валюта бағамы да өзіндік «үлесін» қосып отыр. Бұл әсіресе қосылған құн салығынан анық байқалады. ҚКС түсімі өткен жылмен салыстырғанда шамамен 39 пайызға өскен. Алайда жоспар толық орындалмаған. Сырттай қарағанда, бұл қарама-қайшылық сияқты. Қалайша салық 39 пайызға өсіп тұрып, жоспар орындалмай қалады? «Мәселе жоспардың қандай бағамен және қандай экономикалық болжаммен жасалғанында болып тұр. ҚКС бойынша

жоспардан қалған 457 млрд теңгенің шамамен 300 млрд теңгесі теңге бағамының нығаюынан келді. Демек жоспардан ауытқудың негізгі себебін салық реформасының кесірінен көру қиынсыз», — дейді экономист. Оның сөзінше, корпоративтік табыс салығы бойынша жағдай да осыған ұқсас. Жоспардан белгілі бір көлемде төмен түскенімен, мұнда да валюта бағамының әсері бар. Бұл жерде бір маңызды жайт бар. Ұлттық валюта күшейген сайын экспорттаушылардың теңгелей табысы өзгереді. Ал олардың пайдасы азайса, бюджетке түсетін корпоративтік табыс салығы да төмендеуі мүмкін. Яғни бір көрсеткішті бөліп алып қарағанда, мәселе салық жүйесінде сияқты көрінеді. Ал оның ар жағындағы валюта қозғалысын есепке алғанда, мүлде басқа картина көреміз.

ӨНІРЛЕР КІРІСІ НЕГЕ ҚЫСҚАРДЫ?

Мәселенің тағы бір қызық жері — жергілікті бюджеттер. Бұл жерде сын айтушылар салмақты уәж келтіреді. Кейбір жергілікті түсімдерде шынымен төмендеу байқалады. Бірақ Ғалым Құсайынов мұнда да жағдайды жіктеп қарауға үндейді. Мәселен, жеке табыс салығының өзі төмендеген жоқ. Керісінше, жеті айда оның көлемі шамамен 1 пайызға



Бірақ мұнда ұлттық валютаның бағамы дейтін тағы бір маңызды фактор бар. Былтыр алғашқы жеті айда АҚШ ақшасының орташа бағамы шамамен 514 теңге болса, биыл осы кезеңде ол 484 теңге шамасында қалыптасты. Бір қарағанда, мұның бюджетке қандай қатысы бар деген сұрақ тууы мүмкін. Шын мәнінде, тікелей байланысты дүние. Қазақстандағы бірқатар салық түсімдері импортқа, сыртқы саудаға, экспорттық тауарлардың бағасына және валюталық есептеулерге байланып қалған.

өскен. Алайда инфляция мен жалақы қорының өсуін есепке алғанда, оның өсімі әлдеқайда жоғары болуға тиіс еді. Экономист тағы мына жайға назар аударады. Жалпы салық түсімдеріндегі республикалық бюджеттің үлесі 60-тан 66 пайызға дейін өскен. Бұл — маңызды көрсеткіш. Өйткені салық реформасы тек «қанша ақша жиналды?» деген сұрақпен шектелмейді. «Ақша қайда жиналды?» деген де жағы бар. Бұл жерде салық реформасы бюджет кірісін мүлде жойып жіберген жоқ. Керісінше, салық базасының бір бөлігі орталық бюджетке көбірек шоғырланған. Бұл жағдайда, бір жағынан, республикалық бюджет нығаяды. Екінші жағынан, жергілікті бюджеттердің кірісі азаяды. Соның салдарынан облыстар мен қалалар

Бюджет тапшылығы бар екен деп барлық мәселені салық реформасына тіреу — экономикалық процестерді тым қарапайым түсінікке салумен бірдей. Өйткені бюджетке әсер ететін фактор көп, әлгінде айтып кеткен мұнай мен валюта бағасы, одан қалды, инфляция, импорт, экономикалық белсенділік дегендер бар. 2026 жылдың жеті айының қорытындысы, бір жағынан, бюджет тапшылығы мен қарыз жүктемесінің сақталып отырғанын көрсетті. Екінші жағынан, салық түсімдері өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өскенін де байқатады. Демек, «бюджет орындалмады» деген бір ғана сөйлем бүкіл жағдайды сипаттап бере алмайды. Жоспардың орындалмауы мен кірістің азаюы — екі бөлек нәрсе. Ғалым Құсайыновтың негізгі уәжі де осында.

ПАРАСАТ

8 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

Тағдыр тәлкегіне түскен дарынды қайраткер Оразмағанбет болмысынан және атқарған іс-шараларынан үш артықшылықты байқауға болады. Біріншісі – білімге құштарлық қасиет. Білімге іңкәрлік құдай берген ең аяулы және жаратушыға ғашықтығының айқын көрінісі іспеттес. Оразмағанбеттің қазақ елінің қиян-кесті тарихының аласапыран жылдарына қарамастан, білім алуға ұмтылғанын қазақ тарихының бір белесі деп білемін. Өйткені әр елдің өркениеті оның білімді азаматтарымен өлшенеді. Олар елге мақтаныш және халқына өнегелі тұлға ретінде заманының әрі келешегінің үлгілі аяулысы болып қала бермек. Сондықтан Оразмағанбет – қазақ тарихының шамшырағы болған білім мен ғылымға құштарлығының арқасында халқы үшін «ұстаз» лақабына лайық жан.

Оразмағанбеттің білім алу жолының бастауы діни сауаты бар, молда болған өз әкесі Тұрмағанбет атаның білім қазынасы мен тәжірибесі болады. Қазақ макалында «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген даналық сөзінде айтқандай, Оразмағанбет те ұяда инабатты да иманға берік әкесінің үлгісін көрді. Және «Әке көрген оқ жонар» дегендей, бастапқы діни білімін өз шаңырағынан алған соң бел буып, түркі тарихында білім мен ғылым ошағы болған Бұхара қаласына аттанды. Ол қала – мұсылман қауымының бағыттаушысы болған әйгілі хадисшы Мұхаммед Бұхари (810–870) дүние келген шаһар. Имам Бұхари – «әс-Сәһиһ» атты хадистер жинағының жинақтаушысы және діни заңдарының, яғни шариғаттың білгірі болғаны үшін бүкіл сүнни мәзһабтағы мұсылман қауымы мойындаған хадис кітабының иесі. Бұхара – мындаған жыл тарихы бар қала ретінде бүгінгі Өзбекстан Республикасының миллиондаған саяхатшыны өзіне қызықтырып келе жатқан тарихи әсем шаһар. Бұл – Бұхара облысының орталық қаласы. 2024 жылғы санақ бойынша 274 мың халық саны бар және Мир Араб медресесімен әлемге танымал болған қала. Бүгінгі күні Өзбекстандағы туризмнің басты қалаларының бірі. Демек, ежелден бері «Сыры кетсе де, сыны кетпеген» бұл қалада Оразмағанбеттің оқығаны үлкен мәдени өрісінің биіктігін көрсетеді. Оразмағанбеттің орта ғасырда түркі және ислам әлемінің ғылыми-мәдени орталығы болған Бұхара сынды қалада оқып, білім алуының өзі ғылыми ортаның айтулы құбылысы деуге болады.



Бұхара — Мир Араб медресесі

Оразмағанбеттің Бұхарадан кейін Хиуа қаласына барып, ол шаһардың мектеп-медресесінен білім алғаны айтылады. Хиуа қаласы тарихи тұрғыдан өзіндік маңызға ие. Қазіргі Өзбекстанның Хarezм облысының құрамындағы бір қала. 2025 жылғы санақ бойынша халық саны 115 мың адамды құрайды. Хиуа 2500 жылдық тарихымен 1990 жылы қаланың көне бөлігі Орталық Азияда бірінші болып ЮНЕСКО-ның дүниежүзінің мұралар тізіміне енгізілді. Ал осы қаланың ғылым мен мәдениет өрісі де ауқымды болғанына әйгілі Мұхаммед Әмин хан медресесінің өзі айғақ бола алады. Сондықтан Оразмағанбет сияқты қазақтың дара перзенті аталған қалаларда өзінің елге деген сүйіспеншілігі үшін құны өшпес ғылым мен білім қазнасына қол жеткізу үшін барғанын атап айтуға болады.



Хиуа — Мұхаммед Әмин хан медресесі

Оразмағанбет Бұхара мен Хиуа сынды қазірге дейін әлемге мәшһүр қалаларда болып білім алғаны оның діни және дүниеуи сауаттылығын қаншалықты жоғары болғанын көрсетеді. Зерттеуші ғалым Қобидолла Сыдиықұлы (1934–2001) Оразмағанбет жайындағы зерттеулерінде оның Бомбей университетінде оқып жоғары білім алғандығын жазған. Онда заманауи және техникалық салада бірнеше бағытта өзінің білім аясын кеңейткен. Атап айтқанда, «жер құрылысы, қазба байлығы, ауа райы, өсімдігі, шығыс медицинасы, халық емшілігі» сияқты мамандықтарды меңгергені оның жан-жақты білімдар ғалым болғанын байқатады. Менің жастық шағымда естігенім, Оразмағанбет геолог болған және оның зер салған мұнай кендері жайындағы болжамдары ұдайы тура болып шығады екен. Сондықтан оның жер қойнауындағы мұнай кендерін нақты диагноз қоя алатын көрегендігіне ел-жұрт тәнті болған. Сол себептен Кеңес үкіметінің жансыздары оның ізіне түсіп, сонында Иранның сол кездегі Мазандаран провинциясы, кейінгі жылдары Үлiстан провинциясы болып дербес болған аймақтың Бәндәр Түркімен қаласы маңынан оны қарауылдап жүріп, бір түні ұрлап кеткен. Одан кейін көп жылдар оның геологиялық ғылымының білімін өз мүдделеріне пайдаланған деген қауесет желдей ел арасында есіп жүрді. Әрине, ондай әңгіме санаулы жақын сырлас достар арасында ғана да тілге тиек болатын. Себебі ол жылдар иранның патшалық режимі Батыс саясатының бағытын ұстанғаны үшін Кеңес Одағымен жақын достығы бола қойған жоқ. Және іштей коммунистік жүйеге сенімді көзқарасы болмағаны үшін бұндай әңгіме сыбыс түрінде онашада айтылатын еді. Алайда Оразмағанбеттің қан мен тауқыметте өтіп жатқан ауыр тағдыры көкірегі ояу қарияларымызды қынжылтатынын сезгендей



Ислам ЖЕМЕНЕЙ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор

ОРАЗМАҒАНБЕТТІҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

күн кештік. Оразмағанбеттің әлемге кеуде көрсетіп, жаһан билеушісі болуға мүдделі Кеңес үкіметінің нақ назарында болуы оның қазақтан шыққан айтулы ірі тұлға болғанының дәл айғағы екенін көрсетеді. Ғалым мен жақсы адамға әркімнің әрдайым таласы бар. Сол үшін Оразмағанбет – қазақтың терең білімді жақсысы болған тұлға.

Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы жөнінде зерттеп, көптеген мұраларын жинақтап, тиісті мұрағатқа тапсырған фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалым Кабиболла Сыдиықұлының берген мәліметі бойынша, 1882 жылы Маңғыстаудағы Қызылсу мекенінде дүниеге келді. Геология инженері және пәкесі, араб, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген. 1919 жылы туған мекені Қызылсуда мешіт, мектеп салдырып, 1930 жылына дейін сонда сабақ беріп оқытушылықпен айналысады. Математика мен орыс тілінің мамандарын алдыртып оқу бағдарламасына аталған пәндерді қосқан. 1916–1930 жылдары Маңғыстаудың жерасты қазынасын зерттеп, барлау жұмыстарына кіреседі. Сондай-ақ тау жыныстарының коллекциясын, шипалы шөптерді жинайды. Сонымен бірге мал, адам ауруларын емдейді. Оразмағанбеттің геологиялық зерттеулерінде Украинаның Одесса қаласында 1861 жылы туып, Чехияның Прага шаһарында 1924 жылы қайтыс болған әйгілі геолог және палеонтолог, академик, Киев университетінің профессоры Николай Иванович Андрусовтың шәкірті болған Михаил Викентьевич Баярунас (1882–1939) – белгілі Ресей геологы, стратиграф және палеонтолог, 1920–1930 жылдары Маңғыстау мен Қарабұғаз өңірінің геологиясын зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалым. Ол сол жылдары Маңғыстау мен Қарабұғаз аймақтарында геологиялық-геоморфологиялық экспедицияларға қатысып, маршруттық түсіру жұмыстарын жүргізді. Және Маңғыстаудың тұйық ойыстарын Қаракия мен Қауындайда зерттеу жұмыстарына қатысты. 1926–1930 жылдар аралығында жұмыс бабымен қазақтың тұңғыш геолог ғалымы Оразмағанбет Тұрмағамбетұлымен кездесті. Жұмыс барысында Оразмағанмбет және өзге де зерттеушілермен өңірдің табиғи байлығының барлау жұмыстарын бірге атқарды. Сол жылдары Оразмағанбетпен жақсы достық қарым-қатынаста болған екен.

Оразмағанбет ғалым болды. Бірақ ғылымның жолы адамның иманымен тоғыспаса, оның толық адам болуына жеткіліксіз болатынын жақсы білді. Сол үшін өзінің ғылыми жолында берік иманды болуды ісі мен сөзінде теңестіруге тырысты. Оразмағанбет тағдыр тәлкегіне түспей мамандығы бойынша жұмысын туған өлкесінде жалғастыра білгенде, бәлкім, Сафи Өтебайұлы (1909–2007) сияқты елінің құшағында талай марапаттарға ие болар еді. Мен Оразмағанбеттің геолог ретінде қазақтың мұнай барлау жұмысында орнын білгім келді. Қазақ жерінде мұнай барлау жұмысы жайында бұрынырақ мұнайшы достарымнан Атыраудағы Доссарға (Доссор – Атырау облысының Мақат ауданындағы кент) барып жакыннан танып, оның тарихымен танысқанмын. Оның өкініші көңілімде қалалып қалғанын айта аламын. Алайда «мұнай барлау жұмыстары 1892 жылы Доссорға, 1894 жылы Қарашүңгілге де берілді. Ю.Лебедев 1893 жылы өз рұқсатын Н.Леман, Доппельмаер және Грум-Гржимайлоға сатты. Ал олар іздестіру және барлау құқығын ала отырып, 1898 жылы «Леман және К» компаниясын құрды. Сөйтіп, қазақ жерін зерттейтін алғашқы мұнай мекемесі дүниеге келді. Н.Леман құрған компанияға белгілі кен орындарының көпшілігі концессияға берілді. Сол кезеңде оған Орал облысының Гурьев, Калмыково уездерінің болысындағы кен орындары қарады. Осы жылы Гурьев қаласында компанияның сенімді өкілі басқаратын арнайы мекеме ашылды. Зерттеуші Л. Бердіғожиннің есебінше 1898 жылы мұнайды іздестіру барысындағы түрлі жұмыстарға 59 қазақ тартылған екен. Олар мұнай экспедицияларына жол бастаушы, керуен жұмысшысы, атшы, жүк тиеуші, күзетші, қара жұмысшы ретінде тіркелген» қазақтар 1898 жылында мұнай істерімен араласқанын білген жөн. Сондай заманда, яғни ғылым, зерттеу, зерделеу деген дүниелерден бейхабар жүрген заманда Оразмағанбет бар ынтасын жан-жақты білім алуға арнағаны – ерлікпен парапар іс.

Оразмағанбеттің екінші артықшылығы – «кітап мәдениеті». Кітап мәдениеті жалпыға арналған және жеке тұлғалардың кітапхана атауымен байланысты. Өткен ғасырларда көпшілік және тұлғаға тән кітапханалар – тарих беттерінің жарқын бейнесі.

Әлем мәдениетінің тарихына назар салсақ б.з.д. 2700 жыл бұрын шумер патшалық сарайының балшықтан жасалған тақталарға жазбалармен қамтылған кітапханасы болған. Шумерлер – б.з.д. IV–III ғасырларда Тигр мен Евфрат өзендерінің аралығында, қазіргі Ирак аумағында өмір сүрген адамзат тарихындағы ең көне өркениеттердің бірі болған. Екіншісі, Ашшур мәдениеті: б.з.д. II–I ғасырларда қазіргі Ирак аумағында салтанат құрған әйгілі патшасы Ашшур Банипал кітапханасы тарихта ұлы өркениет таңбасын қалдырды. Үшіншісі – Мысыр еліндегі екінші үлкен қаласы Искендерия қаласындағы Ескендір (Александр Македонский) атындағы жүз мыңдаған папирус шиыршығына жазбалары бар б.з.д. III ғасырда әйгілі болған кітапханасы. Бұндай тарихи фактілер кітап мәдениеті адамзат тарихында өзіндік орынға ие екенін дәлелдейді. Елдердің өркендеуі және әлемдік өркениетке жету жолы тек қана кітап мәдениеті арқылы жүзеге асады. Оның құндылығын жақсы білген Оразмағанбет елден шетке кетуге мәжбүр болғанның өзінде 1935 жылы Иранға қоныс аударды. Кетерінде үш нарға жүк болатын бай кітапханасын бөліп-бөліп тау үңгірлеріне жасырады. Олардың 51-і Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының кітапханасындағы сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптар қорына сақтаулы тұр.

Оразмағанбеттің тағы бір артықшылығы – оның қайраткерлік болмысы. Қоғамда адамдар екі топқа бөлінеді. Бірі – қайраткер. Ол – саясат, экономика, қоғам, мәдениет салалары бойынша көпшілікке бағыт беруші жетекші. Екіншісі – тобыр. «Тобыр – белгілі бір ортақ мүддемен уақытша топтасқан адамдар жиыны. Тобырдың әлеуметтік құрылымы қарапайым: көсемінен және өзгелерінен тұрады. Дегенмен тобыр жекелеген тұлғалардың жай ғана жиынтығы да емес. Зерттеушілердің пікірінше, Тобырға тән жалпы сипаттамалар:

1. Әсершілдік. Тобырдың ішіндегі адам одан басқа адамға қарағанда әлдеқайда әсершіл. Олар көпшіліктің пікірін, сезімін, әрекетін неғұрлым тез қабылдап, ортақтасады; анонимділік – жеке тұлға өзін көптің ішінде танылмайтындай сезінеді. Тобыр біртұтас топ ретінде әрекетке барып, оның жекелеген мүшелері өзін жеке тұлға деп санамайды;
2. Тұтқиылдық. Тобыр құрамындағы адамдар болжамсыз мінез-құлыққа, эмоцияға бейім, олар көптің ішіндегі өз әрекеттері жайлы ойланып, сарапқа салмайды;
3. Қамсыздық. Тобыр құрамындағы адам топпен біртұтас қимылдайтын танылмайтын көптің бірі болғандықтан, өздерін әлеуметтік бақылаудан, жауапкершілік пен жазадан тыс сезінеді.

Оразмағанбет өз заманында саяси, қоғам және мәдени қайраткері болған. Ол сол кездегі елге танымал, белсенді, зиялы ел азаматтары – Бакытжан Қаратай, Ахмет Байтұрсынұлы сынды рухани тұлғалармен қарым-қатынаста болды, осылар арқылы Алаш қозғалысына араласты. Көз көрген жерлестері Тобанияз Әлниязұлы мен Жалау Мынбай, Онғалбайлар «халық жауы» деп ұсталған сәтте, бұл да құрықтан тыс қалмады. Қара күйе оған да жағылды. Әсіресе діндарлығы оны Кеңес үкіметіне қарсы етіп көрсетіп, өзгелердің «қорқынышына» айналды.

Міне, Оразмағанбет осындай артықшылықпен қазақ тарихында айтулы тұлға ретінде өз орнын алған. Ол – сактарға, одан кейін оғыз мен қыпшақтарға мекен болып, Бекет атаға аманат болған киелі Маңғыстаудың тумасы. Маңғыстаудың киелі ел болғаны дүниежүзі мәдениетінің сарапшы ұйымы – ЮНЕСКО тарапынан мойындалды. Бұл жайында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде Бекет ата және жиырма әулиелі мекендер ЮНЕСКО тарапынан мойындалып, тарихи маңызды мекендер қатарына бекітілгенін жариялады.

Тұрмағанбет кезінде елінің жоғын жоқтады. Бүгін оны елі жоқтап жатыр. Елін жоқтаған ерлердің жоқтаушысы болмаған – қасірет. «Ел барда ер қор болмас, ер барда ел қор болмас» деген қазақтың нақыл сөз осымен парапар. Бұл – қазақтың түркілік тарихынан келе жатқан өмірлік дәстүрі. Оған дәлел – бұдан үш мың жылға жуық бұрын түркілердің, тұранның патша сардары Алып Ер Тонаға жырлаған «жоктау» жыры:



— Алып Ер Тоңа өлді ме,
Жалған дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар...

Қазақ халқы өзіне қорған болған жандарына, ел қорғаушы ерлеріне жоқтау айту дәстүрін күні кешеге дейін сақтап келді. Ел қамын ойлаған ерлерін еске алып, ұрпаққа оның елдік арман-мақсатын таныстыру мен дәріптеуі – сол жоқтау дәстүрінің бір түрі. Осы елдің Алып Ер Тонаға айтқан жоқтау жыры арқылы «Тұраннан бастау алған қазақ тарихына» көзіміз жетеді. Сондықтан бүгінгі еліміздің жоқтаушысы болған Оразмағанбет – ел мүддесін қорғаушысы ретінде Маңғыстау өңірінің мақтан тұтар халық қаһраманы. Жоқтау мен еске алу – қатар жүретін ұғым. Бұл – елдің нағыз ерлерін бағалайтын қажеттіліктен туындаған көшпенділердің көне заманнан келе жатқан дәстүрі. Жоқтаушысы болмаған ел тарихи процесінде «тірі өлікке» айналады. Оған Америка тарихындағы үндістердің тағдыры дәлел. Үндістер ақ нәсілділердің отарлау саясатының аяусыз құрбандары болғанын 1492 жылы Солтүстік Америкада үндістердің саны бір миллион адам болса, 1890 жылында небәрі үш жүз мыңға төмендеп кеткенінен байқауға болады. Бұл трагедияның орын алуына ақнәсілділердің жауыздығы себеп болды. Америкалық ғалым Ди Браун «Американың қызыл терілері» немесе «Жүрегімді жерлеші» атты еңбегінде ақ нәсілділер 1861–1890 жылдар аралығында, яғни бар-жоғы отыз жыл шамасында үндістерді тірідей өлікке айналдырғанын жазды.

Табиғатқа ғашық, қарапайым өмірге бейім үндістер табиғатпен, жан-жануарлармен бірге салтанат құрып өмір сүретін. Оған дәлел біріншіден, Христофор Колумбтың алғашқы сапарында үндістер Отанында бұғылардың саны жетпіс бес миллион шамасында болған болса, 1890 жылы жерасты мен жерүстінің байлығына құмарған пайдакүнем еуропалықтардың қырып-жоюының кесірінен, бұлардың саны бірнеше жүзден аспаған, екіншіден, үндістердің «қызыл бұлт, жуан жылан, арық аю, қара бұғы, қара қазан» сияқты есімдеріне қарап, табиғат олардың өмір шындығымен етене жақын болғандықтарын айта аламыз.

Ди Браун үндіс халқының трагедиясын былай қорытындылайды: үндістердің атакты басшылары кейінгі отыз жылда тарих арнасында аңызға айналғандары тағдырдың ісі еді. Яғни 1861 жылдан бастап 1890 жылға дейін созылған «Этноцид» саясаты. Үндістердің акпейіл мінезі мен асқан жауынгерлік рухын қораштаған қаһарман перзенттерін тұтқындап, лагерьге қаматқан, керек десе өлтірген. Ал оларды қанға бояған ақ нәсілді шабуылшыларды «Американдық қаһармандар» деп тарихқа енгізген. Бұл тарихтың парадокс көрінісі біздің елде де қайталанып ықтимал. Елдің тарихи жаңғыруы тікелей халықтың саяси санасының ұдайы ояу болуына байланысты. «Алтын Орда» хандығы XV ғасырдың I жартысынан бастап біртіндеп бөлшектене берді де, бірнеше шағын хандыққа бөлініп кетті. Қырым хандығы, Қазан хандығы, Сібір хандығы, Астрахан хандығы, Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Қазан хандығы, міне бұл аталған мемлекеттердің бәрі – Жошы Ұлысының немесе Алтын Орданың шекпенінен шыққан мемлекеттер, Алтын Ордадағы мемлекеттік дәстүрді одан әрі жалғастырушы. Бір өкінішті жәйт, кейін оның территориясының басым бөлігін патшалық Ресей жаулап алды. Қалған бөлігі қазақ, өзбек, қырғыз тәрізді түркі халықтарының еншісіне тиді. Қазақ хандығы 1465 жылы құрылды. Осылай Тұраннан бастау алған қазақ тарихи үш мың жылдық түркілік тарихының мұрагері болуға лайық бүгінге жетті.


Үндістердің тарихи трагедиясы 1890 жылғы желтоқсан айында жаппай қырудың соңғы қанды қырғынымен аяқталды. «Воудел ни Грек» қамалында болған қырғын үндіс халқының жойылу тарихының соңғы нүктесі еді. Міне, сол қамалда панасыз қалған жас пен қария жандарды өлім орағымен оған ақ нәсілділер «Этноцид» саясатының жөнісіне де жеткен күн еді. Өйткені 1890 жылдың сол күнінен бастап қазірге дейін үндістер «Қаһармансыздық кезеңін» бастан өткізіп жатыр. Халықтың соңғы қаһарманы өлген соң, «Қаһармансыздық кезеңі» басталды. Яғни жоқтаушысы жоқ елге айналады. Ал бұл – үндіс халқының «тірі деген аты бар өлік» болған соң, өлім кезеңінің басталғаны деген сөз. Ұлт үшін, халық үшін саяси сахнада, экономикалық салада, рухани айдында жан салып, елінің мүддесі үшін күресетін соңғы «Қаһарманы» өлген соң, ол ұлттың ұлт ретінде өмір сүруі мүмкін еместігін үндістер тарихынан көреміз. Еліне қорған болған «Қаһармандар» көп болса, елдің баянды өмір сүруіне соншалықты үміт арта түседі. Керісінше, «Қаһармандар» азая түскен сайын бір елдің ел болып қалуы екіталай екенін үндістердің тарихи тәжірибесінен байқаймыз. Адамзаттың осындай тарихи тәжірибесіне қарағанда, елдің елдігін жоқтайтын қаһарман перзенттері бар жерде, елдің тағдыры баянды болмақ.

Бүгінгі Оразмағанбетке арналған еске алу күні – ұлттық идеямыздың бір парасы. Бұл шараны ұйымдастырған ұжым да елінің жоқтаушы қаһарманының жоқтаушылары. Бұл шараға қатысушылар – ел арманы үшін құрбан болғандарды жоқтаушыларының бір бөлігі. Ел мүддесі үшін білімін, даналығын, іскерлік пен тапқырлығын жұмсаған Оразмағанбеттер – ел тарихының өшпес жұлдыздары, тарихи жадымызды жаңғыртушылар! Оларды ұмытпайық, ел аман, жұрт тыныш болсын!

АЙҚЫНДАМА

8 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

ӘР МИНУТТА БІР КИІМ:
ДӨҢ ТКБК ДА ЕРЕКШЕ ПОСТАМАТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Бұл – Қазақстанның тау-кен металлургия саласындағы осындай алғашқы жоба. Пилоттық режимде жұмыс істеп тұрған постамат Дөң ТКБК-ның Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы атындағы шахтасының арнайы киім қоймасында орнатылды. Бұл бастама қызметкерлерді ЖҚК-мен қамтамасыз ету процесін цифрландырудың келесі кезеңі.

АРНАЙЫ КИІМ –
КӨЗДІ АШЫП-ЖҰМҒАНША

Бұған дейін арнайы киім алу үшін қоймада кезекке тұру қажет болатын. Жұмыс қарбалас кезде күту уақыты 20 минуттан да асып кететін. Бұл процесті өзгертудің алғашқы қадамы ретінде qolab корпоративтік қосымшасында QaipSIZ сервисі іске қосылған еді. Оның көмегімен қызметкерлер қажетті ЖҚК-ның қоймада бар-жоғын алдын ала тексеріп, тиісті өлшемді, өзіне

ERG құрамындағы «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатында жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚК) автоматты түрде беретін постамат іске қосылды. Енді кәсіпорын қызметкерлері алдын ала дайындалған арнайы киім жиынтығын қоймашының көмегіңсіз шамамен бір минутта ала алады.

қолайлы күн мен уақытты тандап, жиынтықты брондайтын мүмкіндікке ие болды. Енді сол цифрлық брондау автоматтан-дырылған тарату жүйесімен толықты.

Өтінім рәсімделгеннен кейін қызметкер тапсырысты алу тәсілін таңдайды: қойма арқылы немесе постаматтан. Егер постамат тандалса, алдын ала жинақталған киім арнайы ұяшыққа салынады. Белгіленген уақытта қызметкер қоймашыны күтпестен, өз тапсырысын алып кетеді.

Постаматтан дайын жиынтықты алуға шамамен бір минут қана кетеді. Құрылғы қойманың жұмыс кестесі бойынша қызмет көрсетеді.

– Өндірістік кәсіпорын үшін қызметкерді қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етумен қатар, оны алу процесін барынша ыңғайлы әрі жүйелі ұйымдастыру да маңызды. Постамат кезек күтуді жойып, қызметкерге дайын жиынтықты жылдам алуға жол ашады. Бұл – заманауи цифрлық шешімдердің тікелей өндірісте қолданылып, қызметкерлердің күнделікті міндеттерін жеңілдетуіне бағытталған тағы бір нақты кадам, – дейді ДТКБК қойма шаруашылығы цехының басшысы Николай Кочетов.

ЦИФРЛЫҚ БРОНДАУДАН –
ЦИФРЛЫҚ ТАРАТУҒА

Постамат QaipSIZ сервисін алмастырмайды, керісінше оның келесі кезеңі болып отыр. Аталған сервисі ERG Коммерциялық орталығы мен Еуразиялық Топтың Енбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі директорының тапсырысы бойынша Business&Technology Services

(BTS, ERG-дің IT компаниясы) мамандары әзірлеген. Бастапқыда QaipSIZ Дөң тау-кен байыту комбинаты мен Павлодар алюминий зауытында енгізілсе, бүгінде ол ERG-дің барлық кәсіпорнында қолжетімді. Осылайша, ЖҚК-ны таңдау мен брондаудан бастап, оны кезексіз алуға дейінгі бүкіл процесс кезең-кезеңімен жаңғырып келеді.

– Біз ЖҚК-мен қамтамасыз етуді цифрландыруға жекелеген сервистер ретінде емес, біртұтас жүйе ретінде қараймыз. QaipSIZ қазірдің өзінде брондауды басқаруға және киім беруді жоспарлауға мүмкіндік береді. Келесі кадам – затты алу процесінің өзін автоматтандыру болатын. Дөң комбинатындағы пилоттық жоба жана форматтың нақты өндіріс жағдайындағы тиімділігін бағалауға және оны алдағы уақытта қай жерде кенінен қолдануға болатынын анықтауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті ERG Коммерциялық орталығы бас директорының операциялық сатып алулар жөніндегі орынбасары Евгений Тенеков.

УАҚЫТ ҮНЕМДЕЛІП, ӨНДІРІС
ЫРҒАҒЫ ЖАҚСАРАДЫ

Жана формат қызметкерлердің арнайы киім алуға жұмсайтын уақытын қысқартып, қойманың жұмыс тәртібіне тәуелділікті азайтады. Ал қойма қызметтері үшін жүктемені біркелкі бөлуге және ЖҚК беру процесін алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде:
– ЖҚК алуға кететін уақыт қысқарады;
– кезек барынша азаяды;

– қойма қызметкерлеріне түсетін жүктеме төмендейді;
– қызметкерлер негізгі өндірістік міндеттерінен сирек алаңдайды;
– киім беру процесі жылдам әрі жоспарлы түрде өтеді.

Бұл бір ғана қойма операциясын автоматтандырумен шектелмейді. Қызметкер үшін ЖҚК алу процесінің өзі өзгереді: жұмыстың едәуір бөлігі цифрлық жүйе арқылы алдын ала ұйымдастырылады, ал қызметкер дайын жиынтықты өзі таңдаған уақытта және тәсілмен алады.

ОНДАҒАН МЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРГЕ
ОНТАЙЛЫ ШЕШІМ

Жобаның ауқымы процестің өз көлемімен айқындалады. ERG-де жыл сайын 40 мыңнан астам қызметкер арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарын алады. Топ құрамында қамтамасыз ету нормалары әртүрлі 100-ден астам мамандық және ЖҚК-ның 3000-нан астам атауы бар. Сондықтан ЖҚК беруді цифрландыру IT саласымен ғана шектелмей, қоймалардың



АЙМАҚ

МЕКТЕПКЕ ЖЕТЕР ЖОЛДЫҢ МАШАҚАТЫ КӨП



Бала үшін мектепке баратын жол – үлкен өмірге бастайтын алғашқы соқпақ. Қоңырауға асыққан оқушының таңғы сапары сырт көзге күнделікті қалыпты көрінуі мүмкін. Алайда ауыл баласы үшін бұл жол кейде ондаған шақырымға созылады. Өйткені елді мекенде мектеп болмаса, оқушы көрші ауылдағы білім ошағына қатынауға мәжбүр. Мұндай жағдайда баланың білім алуға деген конституциялық құқығын қамтамасыз етумен қатар, оның мектепке қауіпсіз жетуі де аса маңызды. Себебі бала үшін білім ошағына апаратын жолдың қауіпсіздігі – оқу сапасынан бөлек қарауға болмайтын мәселе.

Абай облысында бұл бағыттағы жұмыс ауқымды. Бүгінде өңірдегі мектебі жоқ 121 ауылдық елді мекенде тұратын 3 199 мектеп жасындағы бала күнделікті тасымалдайтын көлікпен қамтылған. Яғни мыңдаған оқушы таңертең үйінен шығып, білім алу үшін басқа елді мекенге қатынайды. Олардың әрқайсысы үшін мектепке жетудің қауіпсіз әрі қолайлы болуы – аса маңызды.

109 АВТОБУС ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ

Оқушыларды тасымалдауға бүгінде 109 автобус жұмылдырылған. Оның 94-і мектептердің балансында болса, 15 автобус келісімшарт негізінде жалға алынған.

– Барлық көлік техникалық байқаудан өтіп, балаларды тасымалдауға дайын, – дейді Абай облыстық білім басқармасының басшысы Айжан Құрманова.

Бұл көрсеткіштер ауыл баласына жағдай жасау бағытындағы жұмыстың жүйелі жүргізіліп жатқанын аңғартады. Дегенмен кез келген техниканың уақыт өте келе тозатыны белгілі. Ал балалар тасымалындағы бұл мәселенің салмағы тіпті бөлек. Өйткені автобустың техникалық жарамдылығы – жай ғана ша-

руашылық қажеттілік емес, адам өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей қатысты фактор. Соңғы екі жылда оқушыларды тасымалдау үшін облысқа қосымша 17 көлік, оның ішінде 12 микроавтобус пен 5 автобус сатып алынған. Бұл – қолданыстағы автопаркті жаңартуға жасалған нақты кадам.

Алайда атқарылған жұмыс мұнымен шектелмейді. Қазіргі уақытта мектептердің балансындағы 42 автобустың пайдалану мерзімі аяқталған. Демек, алдағы кезеңде оқушыларды тасымалдауға арналған көлік паркін жаңарту – кейінге қалдыруға болмайтын міндет. Осы мәселені шешу мақсатында 2026 жылы облыс бойынша 50 жана автобус сатып алу жоспарланып отыр. Жана көліктер өңірдің аудандары мен қалаларына, сондай-ақ облыстық білім беру ұйымдарына бөлінбек.

Бұл – жай ғана автопаркті жаңарту емес. Бұл – ауыл баласының мектепке жетер жолын қауіпсіз етуге бағытталған нақты инвестиция. Дегенмен мектеп автобусының жаңа болуы баланың қауіпсіздігіне толық кепілдік береді деу аздық етеді. Қауіпсіздік – техниканың жарамдылығынан бастап жүргізушінің жауапкершілігіне, маршруттың жағда-

йынан жолдағы тәртіпке дейінгі бірнеше буыннан тұратын жүйе.

Осыны ескерген Абай облысының полиция қызметкерлері жана оқу жылы қарсаңында оқушыларды тасымалдау қауіпсіздігіне ерекше назар аударуда.

Құқық қорғау органдары мектеп автобустарының техникалық жағдайын, жүргізушілердің құжаттарын, медициналық тексеруден өтуін және балаларды тасымалдауға қойылатын талаптардың сақталуын тексеруде, – дейді Абай облысы ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Жасұлан Байкенов. Сонымен бірге жүргізушілердің белгіленген жылдамдық режимін сақтауына, оқушыларды автобуска отырғызу және түсіру тәртібіне ерекше мән беріліп отыр. Бұл тек оқу жылының алғашқы күндеріне арналған ғана шараларға шектелмейді. Өйткені мектеп автобусы күн сайын бір емес, ондаған баланың өмірі мен қауіпсіздігіне жауап береді.



Полиция қызметкерлері жүргізушілермен және білім беру ұйымдарының өкілдерімен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын да жүргізуде. Мұндай шаралардың басты мақсаты – жол-көлік оқиғаларына жол бермеу, қауіпті жағдайлардың алдын алу және балаларды тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету.

Мектеп автобусының есігінен аттаған әр бала – ата-ананың ең қымбат аманаты. Сондықтан ата-ананың көңіліндегі басты сұрақ та біреу:

«Балам мектепке аман барып, сабақтан кейін үйіне орала ма?» Бұл сұраққа нақты жауап беру – білім беру саласының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Автобустың техникалық жағдайы жақсы болуы мүмкін. Бірақ жүргізуші жол ережесін сақтамааса, оның қауіпсіздігіне күмән туады. Бағыт белгіленгенімен, қысқы боран мен көктайғақ ескерілмесе, тәуекел артады. Сол себепті балаларды тасымалдау жүйесі автобус сатып алумен ғана шектелмеуі керек. Әсіресе қысы қатан өңірлер үшін бұл мәселенің маңызы айрықша. Қарлы боран, көктайғақ, жолдың уақытша жабылуы сияқты табиғи факторлар ауыл оқушыларының қатынауына тікелей әсер етеді. Сондықтан бағыттар алдын ала сараланып, ауа райы жағдайы ескеріліп, төтенше жағдай туындаған кезде әрекет ету алгоритмі нақты болуы қажет.

Балалардың қауіпсіздігіне ата-ананың өзі де атсалыса алады. Полиция

дыктан ауыл баласының сапалы білім алуына жағдай жасау – елдің ертеңіне жасалған инвестиция. Елді мекенде мектептің болмауы баланың білім алуына келергі болмауға тиіс. Керісінше, мемлекет сол олқылықтың орнын қауіпсіз әрі тұрақты тасымалдау жүйесі арқылы толтыруы қажет. 121 ауылдағы 3 199 баланың күн сайын мектепке қатынауы – мәселенің ауқымын айқын көрсетеді. Бұл – мыңдаған баланың тағдыры, мыңдаған отбасының сенімі мен үміті.

Сондықтан 2026 жылы жоспарланған 50 жана автобус цифрлық есептегі кезекті көрсеткіш болып қалмауы керек. Оның әрқайсысы ауыл баласының мектепке апарар жолындағы қауіпсіздік кепіліне айналуға тиіс.

Бұл ретте полицияның тұрақты бақылауы, білім беру ұйымдарының жауапкершілігі, жүргізушілердің тәртібі және ата-аналардың түсіндіру жұмыстары бір-бірін толықтыруы қажет. Сонда ғана оқушы тасымалы қауіпсіздіктің тұтас жүйесіне айналады.

Біз көбіне ауыл мектебі туралы сөз қозғағанда білім сапасын, мұғалім тапшылығын, мектептердің материалдық-техникалық жағдайын алға тартамыз. Бұл мәселелердің барлығы маңызды. Бірақ білімге апарар жолдың өзін назардан тыс қалдыруға болмайды. Бала мектепке жеткенде ғана сабақ басталады. Ал оның мектепке жету жолы қауіпсіз болғанда ғана ата-ананың көңілі орнығады. Ауыл мен қала баласының білім алуға мүмкіндігі тең болуы керек десек, олардың білім ошағына жету жағдайы да бірдей деңгейде қорғалуға тиіс. Шалғай ауылдағы оқушының қауіпсіздігі облыс орталығындағы баланың қауіпсіздігінен кем болмауы керек.

Мектеп автобустарына бақылаудың тұрақты жалғасуы да осы мақсатқа бағытталған. Мұндағы негізгі меже – жол-көлік оқиғаларына жол бермеу, қауіптің алдын алу және әр баланың сабақтан кейін үйіне аман-есен оралуын қамтамасыз ету.

Бір бала – бір үміт. Бір автобус – сол үмітке апарар жолдың қауіпсіздігі.

Ауылдан басталған сол жол баланы мектепке, білімге, болашаққа жетелейді. Ендеше сол жолдың әрбір шақырымы қауіпсіз болуы – баршамызға ортақ жауапкершілік.

Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы, БСН 110941009767,

Павлодар облысында, Май ауданы, Баскөл ауылында орналасқан 40 000 тонна көлемінде өзен (құрылыс) құмын бағаны төмендету жолымен аукцион тәсілімен сату бойынша сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды.

Аукционның басталу күні мен уақыты – 2026 жылғы 22 қыркүйек күні сағат 10:00-ла. Өтінімдер мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттық ақпараттық жүйесінің <https://payda.e-qazyna.kz> веб-порталы арқылы қабылданады.

SPORT STYLE

8 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қырғызстанда өткен VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спорттың мерейін асырып, тамыры ортақ халықтарды тағы бір мәрте бір арнаға тоғыстырды. Бірнеше күнге созылған дүбірлі додада көкпар, садақ ату, аударыспақ, жамбы ату, қазақ күресі және өзге де ұлттық спорт түрлері бойынша мықтылар анықталды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Қазақстандық спортшылар бірнеше спорт түрінен үздіктер қатарынан көрінді. Армрестлинг шеберлері ел қоржынына 7 алтын салса, бөйте түрлерінен 5 алтын медаль бұйырды. Аударыспақ пен тоғызқұмалақтан спортшыларымыз төрт-төрт алтыннан жеңіп алды. Арқан тартудан — 3, манғалада — 2 алтын иеленді. Сондай-ақ жамбы ату, қазақ күресі, күш салу, тенге ілу және самбодан бір-бір алтын медальдан қоржынға түсті. Әсіресе ұлттық құраманың зияткерлік спорт түрлеріндегі көрсеткіші көңіл қуантады. Тоғызқұмалақшылар жарыстың шешуші кезеңдерін сәтті аяқтап, төрт алтын және екі күміс медаль жеңіп алды. Манғала шеберлері де екі алтын, екі күміс және бір қола жүлдеге ие болды.

Қазақстан құрамасының жетістігін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өтіп, спортшыларды VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында табысты өнер көрсетуімен құттықтады. Президент жоғары нәтиженің тайсалмас табандылық, жанкиарлық еңбек пен мұқалмас ерік-жігердің арқасында келгеніне тоқталды. Сондай-ақ чемпиондар мен жүлдегерлерге, бапкерлер құрамына және мамандарға ризашылығын білдіріп, мұндай жетістіктер Қазақстанның ұлттық спорт түрлері дамыған ел ретіндегі халықаралық беделін асқақтата түсетінін айтты.

МЕДАЛЬ САНЫ ЕМЕС, ОРТАҚ МҰРА МАҢЫЗДЫ

Ойындар аяқталғаннан кейін жалпы медаль санына қатысты түрлі ақпарат тарайды. Қазақстан спортшылары 32 алтын медаль иеленсе, бірқатар деректе Қырғызстан құрамасының 30 алтынмен бірінші орын алғаны көрсетілді. Кейін Қырғызстанның ресми ресурстарынан жалпы медаль кестесі алынып тасталғаны да назар аудартты. Осыған байланысты Қырғызстанның Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрлігі арнайы түсініктеме берді. Ведомство мәліметінше, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының тұжырымдамасында мемлекеттер арасында ресми жалпыкомандалық есеп жүргізу қарастырылмаған.

«Дүниежүзілік көшпенділер ойындары — бұл ең алдымен этноспорты және дәстүрлі спорт түрлерін сақтау, дамыту мен танымал етудің, халықтар арасындағы мәдени байланыстар мен достықты нығайтудың халықаралық алаңы. Ойындардың тұжырымдамасы мемлекеттердің жалпы рейтингтегі орын үшін бәсекелестігіне емес, елдердің ортақ тарихи-мәдени мұра айналасында бірігуіне негізделген. Дәл осы себепті Ойындар қорытындысы бойынша мемлекеттер арасында жалпы медальдық рейтинг жасалмайды», — делінген министрлік түсініктемесінде.

Расында, Көшпенділер ойындарының мәнін тек медаль санымен өлшеу тарлық етеді. Доданың басты құндылығы — ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан дәстүрлі спорты жаңа буынға жеткізу, оны әлемге таныту. Бірақ кеше, 7 қыркүйекте Қырғызстан президенті Садыр Жапаровтың баспасөз хатшысы Асқат Алағөзов бұл мәселеге қатысты

ДҮБІРІ КЕТПЕС ҚҰЛАҚТАН

жаңа мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, ұйымдастыру комитеті Қазақстанның үш спортшысының медалін есепке алу жөнінде шешім қабылдаған. Нәтижесінде жалпыкомандалық есепте Қазақстан бірінші орынға шықты.

«Бүгін ұйымдастыру комитеті Қазақстанның үш спортшысының медалдарын есепке алу туралы шешім шығарды. Соған сай, жалпыкомандалық есепте бірінші орынды Қазақстан алды. Қазақ бауырларымызды жеңістерімен құттықтаймыз», — деп жазды Асқат Алағөзов Facebook парақшасында.

АТ ҮСТІНДЕГІ АЙҚАС

Қазақстан жанкүйерлері ерекше назар аударған бәсекенің бірі — көкпар мен көкбөрі болды. Екі сайыста да Қазақстан мен Қырғызстан құрамалары финалда кездесті. Қазақстан құрамасы көкпар ойыны бойынша финалға екі

Қырғызстанның 7:2 есебімен жеңісімен аяқталды. Нәтижесінде Қырғызстан құрамасы алтын медаль, Қазақстан күміс жүлде иеленді. Ал қола жүлде Ресей құрамасына бұйырды.

Спорт жанашыры Анық Көкенайұлы мұндай ірі жарыста спортшылармен бірге аттарды да алдын ала жүйелі түрде әзірлеудің маңызы зор.

— Дұрыс ат болмады, кейбір облыстар көкпар аттарын бермеді деген әңгіме айтылып жатыр. Құрманбек Тұрғанбектің өзі жеке аты өліп қалып, Қырғызстаннан ат алдырғанын айтқан. Мұндай ірі додаға аттарды ерте бастан дайындау керек еді. Дайын атты кез келген адам бере салмайды. Ұлттық спортқа қомақты қаржы бөлініп жатыр. Сондықтан осындай жарыстарға арналған аттарды арнайы дайындау немесе сырттан жақсы аттар әкелу жағын ойластырған жөн. Байқағаным, біздің бірқатар ойыншымыз серкені жерден іліп әкетуде киналды. Осы компонентке



техникасы мен қарсыластың қысымына төтеп беру секілді мәселелер алдағы дайындық барысында ескерілсе, бұл тәжірибе келесі жеңістерге бастайтын сабақ болмақ.

ЖАНКҮЙЕР ЖАДЫНДА ҚАЛҒАН СӘТТЕР

VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары талай тартысты бәсекеге, тосын сәт пен жарқын жеңіске толы болды. Жарыс барысында мінезі, қайсарлығы, шеберлігі немесе ерекше эмоциясымен көзге түскен спортшылар аз болған жоқ. Олардың кейбір сәттері әлеуметтік желіде кең тарап, жанкүйерлердің ерекше ықыласына бөленді. Мәселен, садақ атудан алтын медаль иеленген сәтте көзіне жас алған Аяш Қабдоллаеваны осы жеңіске дайындаған бапкері әрі келіні — Ажар Рахметқызы. Биылғы Көшпенділер ойындарында садақ ату сайысы екі нысана бойынша өтті. Оның біріншісі — түріктің «пұт» нысанасы. Бұл сында әйелдер 60 метр, ерлер 70 метр қашықтықтан мергендік байқасты. Екінші нысананы қырғыздар

лінім себеп болды. Қазір менің екі бапкерім бар: бірі — жолдасым, негізгі дайындықты көбіне сол кісі жүргізеді. Келінім үйге келген кезден-ақ садақ атуға қызығушылығым оянған еді. Бірақ ол кезде мүмкіндік болмады. Немерелер дүниеге келіп, отбасылық тірлікке көбірек көңіл бөлдік. Кейін балалар есейе бастаған соң садақ атуды үйренуге кірістім. Көшпенділер ойындарына қатысу үшін жазда ұлттық құрама мүшелері арасында «Чемпиондар лигасы» өтті. Сол жарыста екінші орын алып, Көшпенділер ойындарына жолдама иелендім. Бұл додада қарсыластардың бәрі мықты болды. Әсіресе Қырғызстан, Ресей, Малайзия спортшылары жақсы дайындықпен келді. Садақ атудан ең басты қарсыласың — өзін. Себебі жарыс кезінде өзінді бір қалыпта ұстап, ішкі тыныштықты сақтау өте киын. Әсіресе жүрек толқынын басып, ойынды жинақтау үлкен шеберлікті талап етеді. Мұны садақшылар жақсы түсінеді. Келінім екеуміздің қарым-қатынасымыз да ерекше. Біз ене мен келіннен гөрі ана мен қыздаймыз. Ол — менің жалғыз келінім, — дейді ол.

Жеңімпаздың бапкері әрі келіні Ажар Рахметқызы — ШКО-дағы садақ ату федерациясының негізін қалаушы. Ол 2024 жылы өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында күміс жүлде иеленген. Ал биыл бапкер ретінде шәкіртін додаға дайындап, алтын медаль алуына үлес қосты.

Ал көкпардан Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы финалдық бәсекеде ұлттық құраманың капитаны Құрманбек Тұрғанбек аттан құлап түскеніне қарамастан, көкпаршы көп ұзамай қайта ат үстіне мініп, ойынды жалғастырған видеосы тарайды.

«Бірінші таймда қырғыз бауырларымыз есеп ашты. Кейін біз де жинақталып, көкпар қолымызға тиген сәтте шабуылға шықтық. Сол кезде ат тоқтамай қалғандай болды, нақты не болғанын өзім де аңғармай қалдым. Қырғыз жігіттері аттан жығып кетті. Көкпар болған соң мұндай жағдайлар кездесіп тұрады. Бір рет құладым екен деп сынуға болмайды.



ерекше көңіл бөлу керек. Кей сәттерде жігіттеріміз еңкейіп, серкені жерден алуға батылдары бармады.

жеңіспен жеткен еді. Алғашқы кездесуде қазақстандық көкпаршылар Ресей құрамасын 14:1 есебімен ірі жеңіліске ұшыратты. Одан кейін Мажарстан командасынан 9:4 есебімен басым түсті. Осылайша, Қазақстан құрамасы V тобында бірінші орын алып, турнир финалына қатарынан үшінші рет жолдама алды. Алайда финалда қырғызстандық көкпаршы Дастан Русланов бірінші минутта-ақ салым салды. Тоғызыншы минутта Құрманбек Тұрғанбек сан басымдығын пайдаланып, есеп теңескенімен, бірінші таймнан кейін Қазақстан 2:3 есебімен ұтылып жатты. Кездесудің екінші бөлігінде Қазақстан құрамасы есепті өзгерте алмады. Қырғызстан спортшылары жауапсыз төрт салым жасағаннан кейін, финал

Әрине бұған қарсыластың әрекеті де әсер етті. Қырғыз ойыншылары атпен қатты қысым жасап, біздің спортшыларды ығыстырды. Дегенмен алдағы уақытта серкені жерден алу, жекеley шеберлік пен осындай қысым жағдайында ойнауға көбірек дайындалу қажет, — дейді ол.

Сарапшы қарсыластың шеберлігін де мойындау керек екенін айтады. Оның бағалауынша, Қырғызстан құрамасы алаңда физикалық дайындық, аттардың мүмкіндігі және тактикалық әрекет тұрғысынан жақсы ойын көрсетті. Финалдағы жеңіліс Қазақстанның осы ойындардағы жалпы жетістігіне көлеңке түсірмейді. Керісінше, жоғары деңгейдегі бәсеке қай бағытта жұмысты күшейту керектігін көрсетті. Көкпардағы ат дайындығы, ойыншылардың жекеley шеберлігі, серкені жерден іліп алу



Мәселен, садақ атудан алтын медаль иеленген сәтте көзіне жас алған Аяш Қабдоллаеваны осы жеңіске дайындаған бапкері әрі келіні — Ажар Рахметқызы.

«орта теке» деп атайды, ал қазақстандық спортшылар арасында ол Орталық Азия нысанасы ретінде белгілі. Бұл нысана 40 метр қашықтықта орналасады. Оның басты ерекшелігі — садақшылардың үш түрлі позицияда өнер көрсетуінде. Бірінші жағдайда спортшы классикалық үлгіде тұрып атады. Екіншісінде ат үстінде бұрылып нысана көздейді. Ал үшінші тәсілде бір тізеге отырып садақ тартады. Осы үш түрлі позиция мергеннің дәлдігін ғана емес, тепе-теңдігін, шапшаңдығы мен техникалық шеберлігін де сыңға салады. Аяш ханым «Пұт» нысанасы бойынша жеңімпаз атанды. Өзі — бастауыш сынып мұғалімі.

«Садақ атумен екі жылдан бері айналысамын. Бұл спортқа келуіме ке-

Біз алаңға бар өнерімізді, бар күшімізді саламыз деп келгенбіз. Медицина қызметкерлері мені алаңнан алып кетпек болғанда, ойынды жалғастыратынымызды айтып, алаңда қалдық. Жанкүйерлердің қолдауы бізге ерекше күш береді. Осындай демеу болса, әлі талай мықты ойын көрсетіп, жеңісті күндеріміз көп болады деп сенемін. Ойын басталмай тұрып жанкүйерлерімізді көргенде-ақ ішкі күшіміз ояныды. Мұндай қолдау ұлттық спорттың дамуына да оң әсер етеді. Бұрын-соңды мұндай үлкен қолдауды сезінбеппіз. Бауырларымыз жұмыстарына қарамастан, қаншама шақырым жол жүріп келіп, бізге жанкүйер болды. Мұның өзі біз үшін үлкен рух пен жауапкершілік, — деді спортшы Қ. Тұрғанбек.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4786
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,